Основы строительства советской школы начинают закладываться в 1918 году, когда в Ташкенте состоялся съезд работников народного образования Туркестанского края, который полностью одобрил решение Всероссийского съезда по народному образованию. В период с 1917-1918 годы обучение в школах Казахстана велось по старым учебникам, учебным планам и программам. С переходом власти в руки местных советов стали открываться казахские школы нового типа с преподаванием на родном языке. Интерес местного населения к образованию привел к значительному увлечению школ уже в конце 1919 – начале 1920 годов. Население Казахстана добровольно обязывалось отвести или построить помещения для школы, оборудовать его. Многие откликнулись на призывы отделов народного образования принять участие в строительстве школ. В октябре 1918 года

в г.Верном открылась мусульманская учительская семинария. В 1919-1920 годы в Оренбурге и Семипалатинске открылись институты народного образования.

Декрет от 22 января 1918 года «Об отделении церкви от государства и школы от церкви» положил начало новому развитию школ. Большое значение имели и другие меры: передача всех учебных заведений страны в ведение Наркомпроса, установление совместного обучения учащихся обоего пола.

В 1919 году 26 декабря вышел декрет Совнаркома о ликвидации безграмотности среди населения, согласно которому все население от 8 до 50 лет, не имеющих читать и писать, обязано обучаться грамоте на родном языке или на русском, по желанию. В июне 1920 года была создана чрезвычайная комиссия по ликвидации неграмотности, а через год, 26 июля 1921 года, КазЦИК принял постановление о мобилизации всех лиц в возрасте от 16 до 51 лет, имеющих достаточное образование, для участия в работе по ликвидации неграмотности. Народный комиссариат просвещения Казахской АССР был создан в октябре 1920 года на базе отдела народного образования Киргизского военно-революционного комитета. Практически его деятельность началась с января 1921 года и включала работу по трем отделам: школьный, внешкольный и охрана детства. В 1920-1922 годы повсеместно создавались женотделы, которые занимались образованием девушек, в том числе казашек [2].

Стремительный рост школ требовал большого количества педагогов. К 1 июля 1921 года в Казахстане начали работать 4 института народного образования: Русский в Оренбурге с контингентом 130 человек, татарский – 223 чел., казахский – 130 чел., смешанный в Семипалатинске – 90 человек.

В 1920-1921 годы в Казахстане уже имелось 2410 начальных и средних школ с контингентом 144002 человек.

Особое внимание было обращено в эти годы на развитие женского образования. Его началом стал Декрет КазЦИК и

Совнаркома СССР от 28 декабря 1920 года об отмене калыма, где сказано: «Калым способствует закреплению власти богатеев, ставит вопрос о браке в зависимость от материального положения человека... Не может быть места сохранению института, пренебрегающего волю и чувства преданной женщины. Исходя из этого КирЦИК и СНК постановили, что калым, выкуп за невесту, вносимые по обычаю женихом, его родителями, родственниками, скотом или деньгами и другим имуществом и устанавливающий обязательство выхода невесты замуж за этого жениха отменить» [2].

Несмотря на трудности, образование развивалось стремительно. Если по данным переписи 15 декабря 1927 года начальным обучением было охвачено лишь 20% казахских детей, то в 1930 г. начальным обучением были охвачены все дети – 8-11 летнего возраста. 27 августа 1930 года вступил в действие Декрет о всеобщем обучении, принятый Правительством КазССР. С 1930-1931 учебного года в Казахстане вводилось обязательное начальное обучение, в кочевых районах допускалось временно начальное обучение с весны 1931 года. Наркомпрос установил особую структуру учебного года в кочевых районах:

1. Основным типом массовой школы являлась передвижная школа, так как население проживало на одном месте 3-4 месяца.

2. Передвижные школы были мерой временного характера, с переходом кочевников к оседлости они превращались в нормальную трудовую политехническую школу.

3. Занятия проводились в соответствии с хозяйственно-экономическими интересами кочевого населения круглый год, с перерывами осенью и весной, когда кочевники снимались с зимовочных и летних стоянок и в течение 20-30 дней кочевали к конечным пунктам.

4. Начало занятий в школах кочевых районов Гурьевского и Актюбинского округов началось с 15 апреля, в остальных с 1 апреля [3].

Во второй половине 1932 года сессия КазЦИК обсудила доклад Наркомпроса «О состоянии культурного строительства в Казахстане о достижениях казахского народа в развитии культуры». Все казахские начальные школы и многие семилетние работали на родном языке. Новые школы открывались в зависимости от состава населения – русские или казахские. Однако в регионах Казахстана наблюдалась неровная картина как в организации народного образования, так и в охвате учащихся.

И в то же время именно в 30-е годы распространяется русификация образования как на уровне подготовки педагогических, так и на уровне административно-управленческих и руководящих структур образования, свидетельством тому факты, предоставленные в работе Кунантаевой К.К., отмечавшей, что все казахские педагогические техникумы работали на русском языке. За неимением подготовленных преподавателей и учебников на казахском языке все предметы, кроме казахского, велись на русском языке. Овладению русским языком придавалось большое значение, все собрания в институтах, училищах проводились на русском языке [1, с.264]. Русский язык изучали до 1936-37 учебного года с 3-го класса, по 2 часа в неделю, в IV-X классах 3 часа. Русская литература как самостоятельный предмет отсутствовала в учебном плане, не было хороших учебников ни по русскому языку, ни по литературе, ни по методике, ощущалась нехватка специалистов – русоведов. Подвергалось критике исполнение органами народного образования постановления Совета Народных Комиссариатов ССР «Об обязательном изучении русского языка в казахских школах республики», принятого в апреле 1938 года. Постановление устанавливало твердый порядок в преподавании русского языка в казахских, уйгурских, татарских и других школах Казахстана, намечались меры по устранению недостатков. Было установлено

изучение по программам русского языка V-VII классов в порядке литературного чтения лучших образцов русской художественной литературы, чтобы с 8-го класса приступить к изучению систематического курса русской литературы. Постановление обязывало органы народного образования создать программы, учебники по русскому языку, обеспечить школы педагогами, наглядными пособиями. Учебники IV класса должны были иметь запас слов, чтобы элементарно понимать русский язык, а ученики VII классов должны были без каких-либо затруднений излагать свои мысли устно и письменно, пользоваться литературой своего возраста, знать основы грамматики, синтаксиса и иметь представления о русской литературе. Согласно Постановлению, русский язык в казахских школах изучается со второго класса, начиная с 5-го класса как самостоятельный предмет изучается русская литература. На изучение русского языка серьезное внимание уделяли и другие органы власти.

В 1930 году вводится начальный всеобщий и уже в 1939 году, по данным переписи населения, доля грамотных среди населения 9-46 лет составила 83,6%. Значительно сократился разрыв в уровне грамотности: городское население (м-93,1, ж-80,8); сельское - 81,9 (м-89,1, ж-73,7). Полностью искоренить азбучную неграмотность помешала Великая Отечественная война.

Вопрос об уровне образования впервые был включен в программы переписи в 1939 году. В переписи 1920 и 1926 годов предусматривалось получение информации лишь о грамотности. В программе переписи 1959 года, вопрос о грамотности не имел самостоятельного значения, являлся частью вопроса об уровне образования. В программе 1970, 1979, 1989, 1999 годов вопрос о грамотности не включался, так как эта проблема была практически решена.

Предоставленный нами архивный материал воссоздаёт живую картину прошлого, заставляет почитать тех, кто в

труднейших условиях решал главную задачу – обеспечить будущее народа через образование. Созданная сеть учебно-просветительских учреждений, избы-читальни, клубы, ликпункты, совпартшколы предназначались в большей степени для взрослого населения, хотя на местах в них обучались и дети школьного возраста, и надо сказать, что направление работы, как показала история, привели к ликвидации неграмотности в рекордно короткие сроки.

Безусловно, важное значение для развития образования имеет в 30-е годы интенсивная работа по организации народного образования и ликвидации массовой неграмотности, позволившая констатировать некоторые результаты: явно обозначится экономический и культурный рост республик, входивших в состав СССР. Крупнейшие изменения в системе народного образования были связаны с Постановлением ЦК ВКП (б) от 25 июля 1930г. «О всеобщем обязательном обучении», где отмечалось, что важнейшей предпосылкой углубления и развития социалистического строительства и культурной революции является осуществление всеобщего обязательного обучения. Всенародное движение за его осуществление привело к тому, что уже в 1931г. охват обучения детей младшего школьного возраста удвоился, резко расширяется семилетнее образование, началась работа по созданию профессионально-технических училищ. Принимаются решительные меры по сохранению контингента учащихся, особенно девушек-казашек.

ЛИТЕРАТУРА

1. Баишев С.Б., Бейсенбаев С.Б., Дахшлейгер Г.Ф., Конесбаев С.К., Маргулан А.Х., Нусупбеков Г.М., Сулейменов Б.С., Тулекбаев Б.А. История Каз ССР с древнейших времен до наших дней в 5-и томах. // Алма-Ата: Наука. – 1980. - С. 695.

2. ЦГА РК, ф.5, д.10, л.26.

3. ЦГА РК. ф.86, оп.4, д.32, л.4.

4. ЦГА РК. ф.86, оп.4, д.33, л.5.

Түйіндеме

Бұл мақалада Қазақстандағы сауатсыздықты жою мәселесі қарастырылған.

Resume

The article considers the process of liquidation of illiteracy in Kazakhstan.

ӘӘЖ 070 (091)

БАСПАСӨЗ АҚПАРАТ ҚҰРАЛДАРЫНЫҢ ПАЙДА БОЛУ КЕЗЕҢДЕРІ

Ж. Бижан

**С. Торайғыров атындағы
Павлодар мемлекеттік университеті**

Көне дәуір тарихына үңіле қараған сайын ақпарат ұғымының мәні аңғарыла түседі. Алғашқы қауымдық дәуірде адамдар өздеріне қауіп төнгенде немесе қорек үшін аң аулау кезінде қолданатын тәсілдерін жеткізуде бірі-біріне дыбыс беру арқылы ақпарат жеткізгендігі тарихи деректерден белгілі. Ақпараттың алғашқы адамтану және қоғамтанудағы күші жайында ежелгі ойшылдардың пікірлері мен ұсыныстарын бүгінгі ұрпақ жанарған дәуір деңгейінде сұрыптап, іріктеп ғылыми негізде жан-жақты сараптау арқылы объективті тұжырымдар жасауға толық мүмкіндік алып отыр. Қазіргі заман ғалымдарының басым көпшілігі барлық кезеңдерде пайда болған ақпараттардың ерекшеліктерін пайымдап,

әлемдік ақпараттардың өткені мен бүгінгісіне ден қойып отырғаны байқалады. Әзірше болжамдық бағытта болғанымен осы бір алғы шарт аясында айтсақ, қазіргі ақпарат таратудың түпнұсқасы аңыздардан басталған деген байлам жасаушылар ұшқарылық жасаған жоқ деп айтуға болады.

Осы орайда грек мифологиясында гений сөзі – латынша *genius, gens* – тұқым, *gigno* – туу, жарыққа шығару, демон рух сөзі – грекше *daimon* – құдай, күдірет, тәңірі деген мәнді білдіретінін еске алайық. Ежелгі аңыздарда рудың ата-бабасы – алғашқы атасы әр адамның ақпараттық жаршысы болып саналды, генийлер адаммен бірге туады және оның барлық ісіне басшылық жасайды деп айтылады. Бүгінгі айтылып жүрген әр халықтың, әр отбасының өзіндік өміртанымдық және тәрбиелік бағытта қалыптасқан дәстүрі бар дейтін ұғым осы жаршы ақпараттарынан бастау алған. Платонның «Пир» диалогінде Сократ Диотимнің демондар туралы: «Адамдар мен құдай арасында түсіндіруші және келістіруші – құдайға адамдардың оқыған дұғасын және жасаған тасаттығын, ал адамдарға құдайдың талабын, міндетін және тасаттығы үшін ризалығын жеткізуші болу керек»[1], – деген сөзі бар.

Ежелгі грек аңыздарында әулиелер биік шыңның орнықты жерінде отырып, белгілі бір кеңістікке енген кезде құдайдан хабар алып, оны адамдарға жеткізіп отырған деп баяндалады. Аңыздарда жоғарғыдан ақпарат беру төмендегілердің өзін-өзі тануы, әлемтанудың өзіндік заңдылықтарына орай мәністі сезінуі ағартушылық сипатты аңғартады деп баяндалады. Осы бағытта ойды жалғастырсақ Платон (б.д.д. 428-347) айтқан диалектикалық әдіске көңіл бөлуіміз қажет. Ол диалектикалық әдісті: (*dialectics metodos*) мәлімет (*Quvaywyn*) және ұғымға бөлу негізінде құрастырады. Платонша мәлімет – бірдеңені сезуден оны түсіну аралығындағы ойдың төменнен жоғарыға қозғалысы, одан кейін идеяның тууы; ұғымның бөлінуі – ойдың жоғарыдан төменгі жолында аңғарғанымыз

идея арқылы дәлелденеді деп түйіндеуі өзінен бұрынғылардың дүниетанымынан ширатылған байлам деп ойлаймыз [2].

Жер бетіндегі нақты жаршылар деп ерте заманнан бері әулиелерге ерекше орын берілгенін қазақ тарихы да, әлем тарихы да айғақтайды. Адам тіршілігі мен өзара қарым-қатынасы адамзат құндылығының өнімін тудырады. Ал осы өнім ақпарат таратуды қажетсінеді. Көне грек философтары Пифагор, Сократ, Платон, сондай-ақ, философиялық-діндік оқудың негізін қалаушылар – Конфуций, Лао-Цзы (қытайлықтар) және басқалар алғашқылардың қатарында дүниетанымдық ілімге бет бұрған. Осындай ақпараттық байланыстардан адамдардың танымы байытылып, ой-пікірлер алмастырылып өміртанудың арналары ашылатыны байқалады.

Ежелгі гректер қоғамында ораторлар (бұл сөздің түбірі оракул – абыздар – киіз кітапшы, құдайдың атынан ғайыптан хабар тартушы [3]. Орысша-қазақша сөздік. Алматы – 1981ж.) ақпараттардың тікелей негізін қалаушылар болып саналған. Ғалымдардың басым көпшілігі ораторлық өнер – публицистиканың бастауы деп бағалап жүр. Тиянақты зерттеуден туындаған айшықты ұғым. Әлем ғалымдарының Демосфон мен Цицеронды дуалы ауызды шешендер деп бағалауында тарихи негіз жатыр. Осы екі шешеннің шығармалары өздері мен отандастарының басына түскен саяси сынның әсерінен туындағаны айқын. Мәселен, Демосфон еліне төнген қауіп-қатерге байланысты өршіген қоқан-лоқыға қарсы тұрып, байбаламның алдын-алуға орай елін қырағылыққа, бірлікке шақыруы, ал Цицеронның б.д.д. 63 жылы Католинаның мемлекетке қарсы бүлікті басуын қолдап, б.д.д. 44 жылы Цезарьдің диктатурасынан кейін республиканың мүлдем ыдырап кетпеуі үшін күресу әдістері мен амалдарына замандастарын ыңғайлау, сендіру, олардың психологиясын күреске бейімдеуге арналған. Бұл – Ел мен Жер қамы қамтылған

көрнекті де, аса маңызды пайдасы бар саяси публицистикалық шығарма ретінде ертедүние тарихы – бүгінгі әлем ұрпағына жеткен адамзат құндылығы.

Билеушілер ежелден өздерінің бұйрықтарын, өкімдерін, шешімдерін бұқараға жеткізу үшін жаршы, шабарман ұстаған немесе өздерінің әмірін жазбаша түрінде халыққа ұсынғаны ертедүние тарихынан айтылып келеді. Жоғары мен төменнің коммуникациясы болмаса даму жоқ. Нақты фактіні келтірсек, ақпараттың шығу тарихын зерттеушілер ақпараттық кәсіптен көз жазбай, тұрақты шұғылдану Цезарьдің билігі тұсында шыққан «Acta senatus» газеті арқылы сенат мәжілісінен алынған ресми мәліметтерді ақпарат түрінде таратылу кезеңі дәйектеленеді. Бұл кезең – б.д.д. I ғасыр.

«Атаулы газетті шығару барысында мәтінді жетекші қаржы және сот қызметкерлері жазған. Оларды – квесторлар деп атаған. Одан кейін ақпарат таратумен мемлекеттік қаржы мекемесінің префекторлары (Римдегі әкімшілік пен қызметтің аты) шұғылданған. Газет материалдарын ат ұстауға мүмкіндіктері бар орта шаруасы бар салт аттылар сословиесінен шыққан шенеунік жинаған. Газет легионның - ежелгі римдегі ең көп үлкен әскери бөлімнің жаршысы болған кезде салт аттыларға қадағалау құқығы берілген. Арнайы мамандандырылған мәтін жазатындар қатары көбейтіп отырған». («Профессия: журналист» оқу құралының авторы Л.Г.Свитич К.Бюхердің «Происхождение газеты», СПб., 1896г. 17-беттегі мәліметін пайдаланған) [3]. Осы тұста қазақ даласындағы шабармандар хабарды ауызша жеткізгендігі еске түеді.

Ауызша ақпаратты таратудың алғашқы жолын ашушы – жаршылар көптеген елдерде болды. Мәселен, Англияда кофеханада ақпараттар алмасылған, оны таратушыларды кэдиилер деп атаған. Германияда ақпаратты кезбе музыканттар-шпильмандар таратса, Францияда нувеллистер

(латынша *pove* – жаңа, *povitas* - жаңалық) нағыз жаңалықтар қызметін атқарған. Ақпарат таратудың бұл түрін кейін Француз коммунистері пайдаланғаны көпшілікке белгілі. Ресейдің ірі қалаларында да тұрғындар көп жиналатын алаңдарда, базарларда ақпарат таратушы – жаршылар болған.

Ақпараттар легі қазақ даласында тойда, ас беруде, елді қорғау барысындағы кездесулерде және т.б. алқа жиындарда ел билеген хандар мен билер, шешендер мен жыраулар, шежірешілер және дін таратушылар, ал жазба басталғаннан бері гуманист-ағартушылар, жалпы зерттеуші-ғалымдар арқылы таралғаны да тарихнамалардан таныс үдеріс. Солардың ішінен Қаз дауысты Қазбек бидің қалмақтың Қонтажы ханының алдына келіп, тұтқынға түскен отандастарын алып қайтқандағы: «...Атадан ұл туса, құл боламын деп тумайды. Анадан қыз туса құл боламын деп тумайды. Ұл мен қызды қаматып отыра алмайтын елміз. Сен қалмақ болсаң, біз қазақ, қарпысқалы келгенбіз, сен темір болаң, біз көмір еріткелі келгенбіз. Қазақ, қалмақ баласы табысқалы келгенбіз. Танымайтын жат елге танысқалы келгенбіз, танысуға көнбесең шабысқалы келгенбіз. ...Берсең жөндеп бітіміңді айт, не тұрысатын жеріңді айт!», - деп айтқан өткір де, әділ сөзі қазірге дейін жеке тұлғаны қалыптастырудың, патриоттық тәрбиенің тірегі болып келеді. Осының бәрінің жиынтығы журналистік кәсіптің дүниеге келуінің және қалыптасуының көзі болғандығын өмір тәжірибесінен көріп жүрміз, ал зерттеушілер мұның ғылыми негізін айқындап отыр.

Журналистік білім беру тарихының қойнауына сапар шеккен адам ғасырлар бойы атқарылған іс-қимылдың аумағы мен салмағын екшейді. Тарихтың көп уақытқа дейін белгісіз, тылсым тұстарын саралап, білімдену әлемінің тұңғыйығындағы тұнбасын татуға кірісетіні анық. Алдымен әлемде алғашқы ашылған Берлиндегі журналистік жоғары мектептің мамандар даярлаудағы бас-

тапқы амалдарымен танысады. Берлиндегі журналистік жоғары мектепте баспасөз, газет және баспахана істері туралы заңдылықтарды оқып-үйреніп, редакторлау, пікір таластарға қатысу, романдарға, драмалық шығармаларға, опералар мен концерттерге және мақалаларға рецензия дайындап, репортаж жасағандардың шығармашылық жұмыстарын көзбен көріп, өзінің журналистикалық бастауын есіне түсіріп, инновациялық идеяға оранады. Намысы жанылады. Оқу сол кезде де ақылы болған екен-ау деп, нарықтық экономика бүгінгінің ғана туындысы емес, ғасырлар куә болған кешегінің де қатысы бар қиянға жеткізген бәсекелік байланыс екендігін біледі. Бабаларымыз айтқандай «кісідегінің кілті аспандағы» өндірісті, базарды жасаудың жолын табудағы тынымсыз тіршіліктің, ұдайы күреспен өтетін қысқа ғұмырда жаһандасудың, жақындасудың әрекеттерін қарастырудың жөнін тағы да мойындайды. Тәубәнді еске түсіріп, күресу дегеніміз: оқу, білу, үйрену, білгенінді ойластырып, парасаттап, шөліккеп жүрген аудиторияға ақпарат жеткізуге ұмтылдырады.

Журнализмнің толық қалыптасып, әлеуметтік тұрғыда кең таралуы, әрине, газеттер мен ақпарат құралдарының пайда болуымен тығыз байланысты. Осы орайда XV ғасырда, 1320 жылы Германиядағы Майнца қаласының маңындағы елді мекенде Иоганн Гутенберг баспа станогын жасап, тегіс ағашқа сурет немесе мәтін ойып жазып, басуды ұсынған алғашқы баспаханың шығу кезеңін еске алуымыз қажет. Жалпы XV ғасырдың екінші жартысында Италияда (1465ж.), Швецарияда (1468ж.), Францияда (1470ж.) және т.б. еурпалық елдерде типографиялар ашылған. Ал Еуропада алғашқы газеттер 1605 жылы жарық көрді. Ресейде 1703 жылғы 2 қаңтарда (Ворошилов В.В. «Журналистика» –«Издательство Михайлова В.А. Санкт-Петербург», 2004. [4] Қазақ даласында «Түркістан уалаяты» газеті (1870-1882)

алғаш рет «Туркестанские вести» газетіне қосымша ретінде 1870 жылдан Ташкент қаласында шыға бастады.

Баспасөз құралдарын ұтымды пайдаланудың төте жолы журналистер мектебін ашу екендігі, ал БАҚ-тар қоғамдық қатынастағы қайшылықтар заңдылығын сараптап, «Осу – дамудың шыңы», – деп Сократ айтқан ұғымды жан-жақты айқындау жолын іздеуге ынталандыратын құрал екендігі пайымдалған. Батыстық және қытайлық ғалымдар адам ойының үздіксіз жетегі, сезім үдерісі білмеуден білуге жетелейтін психологиялық заңдылықтарға сүйеніп, Отанын, Ел мен Жерін, табиғат әлеміндегі құбылыстарды тануға қабілетті жеке тұлғаны тәрбиелеуде баспасөз құралдарының тиімділігіне өзгелерден бұрын көз жеткізген.

Өндірістік, ғылыми және қоғамдық қызметтердің негізінде адам санасы шындық пен жалғандықтың, адалдық пен арбасудың тіресуінен ширатылатын шындық сырын ашады. Әлемтанудың арнасы осы. Психология, педагогика ілімдерінде анықталғандай адам құбылыстың объективті мәніне жетуде тәжірибеден теорияға және теориядан тәжірибеге, көрген құбылыстың өзгеріске түсуіне байланысты іс-әрекеттен ойға, түйген ойдан мәнді іске жету сатыларынан: эвристикалық ізденістен эмпирикалық тәжірибеден өтуі арқылы санасын жетілдіреді. Журналистика саласы да өзгеріс заңдылықтарының жұмбақ әсерін, адамның таным сүрлеуінде жаңылмай, дұрыс таңдай білуге ықпал жасап, дәнекер болатыны ғылыми негізде дәлелдене бастады. Тәжірибеде танымның аяқталуы уақыт өлшемінен айқын аңғарылады. Өйткені, таным үдерісінде жаңа проблемалар мен міндеттер туындайды. Кеңістіктегі әркелкілік танымды дамытудың көзі болып саналады. Адам алғашқы түйсікті Ж. Аймауытов, М. Жұмабаев айтқандай рет-ретімен жүйелей білгенде алға қойған мақсатының өміршеңдігі белгілі болады. Канадалық Альберт Бандура (1925жыл туған) бақы-

лау арқылы үйренудің психологиялық бағытын ұсынады. Адамға сыртқы жағдай әсер етумен бірге, ол өзіне-өзі баға беру арқылы өз тәртібінің құбылысын бағамдап отыруы тиіс. Құбылыстарды қабылдаудағы қиындықтар: уақыттың тығыз болуынан, білімінің, тәжірибесінің аз болуынан және т.б. әсерлі жағдайлардан туады. Қазіргі философия түйіні осы.

Журналистиканың негізі қаланған елдердегі ақпарат таратудың қадамдары мен даму сатыларына зер салғанда қоғамдық құрылыстардағы өзгерістер, кәсіптік және кәсіби жетілу, өндірістің дамуы, тауар шығару және оларды тарту, сату, бағалау ақпараттар тарату қажеттілігін тудырғаны байқалады. Қоғамдық формациялардың жанаруына сай ақпарат беру мен алудың жаңа түрлері пайда болды. Мәселен, 1530 жылы Венецияда ақша уақтауды кәсіп еткен кісілердің және алтын өңдеуші шеберлер лавкасының жанынан сауда барысынан мәлімет беретін бюро ашылған. Осы бюроның негізінде алғашқы «газет» деген сөз күнделікті тұрмыста айтыла бастады. Міне, айтылған мәліметтердің тамырын сұрыптағанда баспасөз қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық (тауар алмасуға орай коммерциялық ақпараттар тарату) жағдайлардың күшейіп, әлсіреу жағдайларына орай баяндауға, сараптауға, талдауға және жалпы мемлекеттердің қалыптасуына, іргесінің беріктенуіне байланысты журналистік қызметтің қажеттігі туғандаған. Мұны БАҚ-тардың феодалдық-монархиялық, буржуазиялық, діндік, капиталистік және коммунистік, демократиялық, мемлекеттік және жеке меншіктік болып бағыт алуынан да аңғаруға болады.

Қоғамдағы сан-алуан оқиғаларда дұрыс бағытты барлай білетін журналистер даярлау өмірдің өз талабынан туындаған деген тұжырым журналистиканың осындай жолынан туындайды. Білімді, парасатты, кәсіби шеберлігі жоғары журналистер қажеттігі белгілі болғанымен журналисті арнайы жоғары оқу орындарында оқытуға орай

өркениетті елдер арасында пікір таластар болғаны тарихтан белгілі. Қазір де ара-кідік осындай пікірлер айтылып тұрады. Атап айтқанда, американың бірқатар зерттеушілері журналисті оқыту керек десе, кейбіреулері табиғи дарыны, жазуға бейімділігі бар адамдардың оқыту міндетті емес деген пікірлер ұсынды. Баспасөз қызметкерлерін оқытудың қоғамды дамытуда және жеке тұлғаны қалыптастыруда маңызы зор екендігі озық ойлы, көреген ғалымдардың пайдасына шешілді. Алғашқыда газет шығарушының жүйелі білім алуына мән берілмеді. Мемлекет қызметкерлерінің мақала жазуға бейімділері газетке материалдар дайындап, материалдарды өңдеп, өздері мақалалар жазған. Мұндай газет шығарушылар барлық елдерде де болды. Журналистерді даярлау алғаш рет газеттер шыққан мерзімнен екі ғасыр кейін жүргізілді. XIX-XX ғасырларда газет-журналдардың көбеюіне байланысты АҚШ-та Германияда, Англияда, Швейцарияда, Жапонияда, Италияда, Қытайда журналистика мектептері пайда бола бастады.

Ресейдің белгілі ғалымдары: В.В.Ворошилов, Л.Г. Свитич және т.б. зерттеулеріне сүйенсек алғашқы мектеп 1900 жылы Германияда ұйымдастырылғандығын білеміз. АҚШ-тың Вашингтон, Филодельфия және Чикаго қалаларындағы (1902-1903 ж.ж.) заң факультетерінде журналистика мектебі жұмыс істеді. 1903 жылы Колумбия университетінде ерекше «газет факультетін» ашуға нью-йорктік баспа иегері Джозеф Пулитцер 2 млн. доллар қаржы бөлген (қазір АҚШ-та оның атында мәртебелі журналистік сыйлық бар). Париждегі арнайы журналистік факультеті бар Әлеуметтік жоғары ғылым мектебі Еуропадағы журналистика білімінің бастауы болып саналады.

Американдық журналистика мектебінің құрылтайшылары алғашқыда білім алушыларға жалпы білім беруге, олардың ой-өрісін, жалпы мәдениетін

дамытуға аса мән бермеді. Негізінен репортаж жасаудың мәнісіне, жаңалықтар іздестіру амалдарына, жарнама жасау психологиясына және мәтін құруға ерекше көңіл бөлді. Студенттердің газеттің штатына кіріп жұмыс істеуге бейімдеді. Студенттердің шығарған газеттерін тезірек коммерциялық түрде таратуға асықты. Журналистің білімін көтеруде ғылыми негізделмеген мұндай даярлық сөзсіз дағдарысқа ұшыратады. Сондықтан, арнайы журналистикалық білім беру проблемасы 1898 жылы бесінші Халықаралық журналистер конгресінде талқыланды.

Талқылаулар мен пікір таластардың нәтижесінде журналистерге, әсіресе, еуропалық журналистік білім беру оқу орындарында гуманитарлық, тарихи, филологиялық, заң және әлеуметтік ғылымдар бойынша лекциялар оқылып, журналистік практикадан өту жұмыстары атқарылды. Ресейде XX ғасырдың басында газеттер мен журналдар шыға бастаған кезде журналистік жоғары мектептің қажеттілігі туа бастады. 1902 жылы Петерборда журналистік мектептің алғашқы жобасы талқыланды. Алайда, бұл жоба бойынша нақты шешім қабылданбай, Москвада журналистерге арналған алғашқы ғылыми және практикалық курс ашылды. Бұл курста журналистерге қоғамдық қатынастарды бағамдау және оларды түсініп, талдау деңгейіне жеткізу үшін заң факультеттерінде білім алуға негізделді. Сөйтіп алғашқы журналистерді оқыту Ресейде 1905 жылғы 1 ақпанда басталғанымен, тоғыз айдан кейін болған декабрь көтерілісінен кейін тоқтағанын журналистика тарихын зерттеушілер айтып жүр. Қазан төңкерісінен кейін 1918 жылы Москвада журналистер курсы ашылып, жұмыс істеді. Ал журналистиканың мектебі 1919 жылғы наурызда ВКП(б) –нің VIII съезінде Ресей телеграф агенттігінің жанынан ашылған болатын. 1921 жылы бұл журналистика мектебі Қызыл журналистер институты болып құрылды. Ал бұл

жоғары оқу орны Мемлекеттік журналистика институты болып (1923 ж.) қайта құрылды. Алғашқы институттардың оқу жоспарларында: газет жұмыстарына кіріспе, публицистика теориясы, газет ақпараттары, журналистика тарихы, баспасөз туралы заң, газеттердің жана түрлері, материалдардың өңдеу, түзету және баспаға дайындау, сын библиографиясы, баспасөз-бюросы, публицистика, ақпараттар жинау және жазу, психотехника бойынша практикалық сабақтар қамтылды. Жоғары курстарда қоғамдық-саяси пәндер жүргізілді. Алайда, негізінен кәсіби мамандық бойынша пәндерге ерекше мән берілді. Кейінен газет жанрларына, баспасөз тарихына ел және шетел тарихтары, саяси географияға қоғамдық-саяси қатынастар, философия, математика және жаратылыстану пәндері енгізілді. Жинақтап айтқанда оқу жоспары кәсіби және тарихи-саяси пәндерге ерекше орын берілді. Соның нәтижесінде қабілеті жан-жақты журналистер даярлауға бетбұрыс жасалды. Алайда, алғашқы журналистика оқу жоспарында филология пәні қамтылған жоқ.

1920 жылдың соңында социалистік қоғамдағы орнықтыру кезіндегі баспасөзде дифференциациялау партияның саясатын жұмысшылар мен шаруаларға, шалғай елді мекендердегі әртүрлі әлеуметтік топтарға шұғыл жеткізу үшін жасалды. Бұл мәселеде журналистерді оқытудың мәні ерекшеленді. ВКП(б) ОК-нің «Газет кадрлары туралы» Қаулысынан кейін (11-11-1930 ж.) Мемлекеттік журналистика мектебі Коммунистік журналистік институты (КИЖ) болып қайта құрылды. Қазақстанда журналистер даярлайтын ең тұңғыш жоғары оқу орны Қазақ Коммунистік журналистика институты (1934 ж. наурыз) құрылды. Ресми ашылу уақыты – 1934 жылы мамыр айы, бірінші қыркүйектен сабақ басталды. Әуелі екі жылдық оқыту мерзімімен құрылып, кейіннен үш жылдыққа өзгертілді. Мұнда бір жылдық дайындық курсы болды. Қазақ Комму-

нистік Журналистика институты алты жыл жұмыс істеді. Одан кейін ол Қазақ Мемлекеттік журналистика институты болып өзгертіледі (1940 ж.). Ал, Қазақ ССР-ы Халық Комиссарлар Кеңесінің Қаулысы бойынша (08-05-1941 ж.) Қазақ Коммунистік журналистика институтының дербестігі жойылды. Институттың оқытушылары мен студенттер құрамы сол Қаулының күшімен Қазақ Мемлекеттік университетінің құрамына қосылады (Қаулыға Қазақ ССР-ы Халық Комиссарлар Кеңесінің төрағасы Н.Ондасынов қол қойған).

Қазақ Мемлекеттік журналистика институтында жеті жыл ішінде аса маңызды оқиғалар өтті. Аса құнды тарихи деректерге үнілгенде онда сол жеті жыл ішінде 150-ге жуық баспасөз мамандары даярланып, дипломға ие болған. Қазақстанда алғаш ашылған журналистика институты мен қазіргі Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің журналистика факультетінен 2004 жылға дейін 8487 адам журналист мамандығын алған. Олардың 70-тен астамы павлодарлық журналистер. Қазақ Журналистика институтының 1937 жылғы түлегі – Павлодар облысы Баянауыл ауданының тумасы, Диқан Әбілов (Диқан-баба), 1942 жылғы түлегі, – ф.ғ. докторы, профессор Павлодар қаласының тумасы, Қостанай облысының «Большевиктік жол» газетінің редакторы Қайыржан Бекқожин болды. Одан кейінгі түлектер – Павлодар облысы Маралды ауылының тумасы, Қазақстанның Халық жазушысы Мұзафар Әлімбаев, баянауылдық т.ғ. докторы Қырықбай Мазанов, павлодарлық ардагер-журналистер: Айтжан Бәделханов, Төлеубек Қоңыров, «Сарыарқа самалы» газетінің бас редакторы Мұхит Омаров, Жазушылар одағының мүшесі, журналист Ғалымбек Жұматов, «Қазақстан» ұлттық телекорпорациясының Павлодар облыстық филиалының директоры, Қазақстан Мәдениетіне еңбегі сіңген қызметкер Марат Ибраев, оның орынбасары-бас редактор Социал Әйтемов және басқалары» [6].

Журналистиканың қоғамдық қатынасты қалыптастыруда ерекше рөл атқаратындығы әр заманда көрініс тауып отырды. Оған 1940 жылдың өзінде Қазақ, Ташкент, Әзербайжан, Киев және бұрынғы одақтың құрамындағы республикалар университеттерінің филология факультеттерінде журналистика бөлімшелері мен кафедралары ашылып, университеттік білім беруге басымдық беріліп, журналистерді даярлайтын институттар жүйесінің реттелуі дәлел. Осы кезеңде жұмысшылар мен шаруалардың балаларын журналистикаға қабылдауға көңіл бөлінді.

1960 жылдары алғашқы оқулықтар мен телерадиожурналистикаға арналған оқу құралдары жарық көрді. 1972 жылы КПСС ОК мен КСРС Министрлер Кеңесінің «Елімізде жоғары білім беруді одан әрі жетілдіру жөніндегі іс-шаралар туралы» Қаулысын орындау мақсатында 1973 жылы Одақтық Жоғары білім беру министрлігі «Журналистика» мамандығы бойынша жаңа типтік оқу жоспарын бекітті. Онда: әдеби-көркем сын; әдебиет теориясы; экономиканың, ғылым мен техниканың қазіргі заманғы проблемалары; журналист шеберлігі сияқты жаңа пәндер енгізілді. Жоғары оқу орындарына газет шығару, радио, теледидар хабарларын тарату міндеттелді. БАҚ-тарда студенттердің практикадан өтуі қарастырылды. 1930 жылғы Қаулыдан 45 жыл кейін 1975 жылы «Журналист кадрларын даярлау және қайта даярлауды жақсарту бойынша іс-шаралар туралы» КПСС Орталық Комитетінің Қаулысы шықты. Соның нәтижесінде жаңа типті оқу жоспары жасалды. Онда «Журналистикаға кіріспе», «Буржуазиялық журналистиканың теориясы мен практикасына сын», «Идеологиялық жұмысты насихаттау мен әдістерінің ғылыми негізі», «Партия және кеңес құрылысы», «Экономика негіздері» курстары енгізілді. Оқу жоспарына алғаш рет «Әлеуметтік психология», «Нақты әлеуметтік

зерттеудің әдістері және баспасөз» пәндері оқытылды. 1976-1977 оқу жылдарында журналистика факультеттеріне қабылдауда шығармашылық конкурсы енгізілді. Осы кезеңдерде Жоғары партия мектептерінде журналистика бөлімшелері ашылды. Ал 1980 жылдары журналистердің практикалық даярлықтарына ерекше көңіл бөлінді. Осыған байланысты «Журналист шеберлігі» пәні пайда болды. Қазіргі журналистерді оқыту мен практикадан өткізу тәртібі осы кезден басталды. Оқу жоспарына «Журналист шығармашылығының технологиясы» пәні енгізілді. Атаулы пән журналистік қызметтің әдістемелерін қамтыды. Атап айтқанда, жаңа әдістемелер, ықпалды оқыту әдістері, іскерлік ойындар, кәсіби жағдайларды модельдендіру, жаттығу және басқа оқыту әдістері қолданыла бастады.

Ақпарат алу негізінде ағартушылыққа ұмтылыстан мынадай ойлар түзіледі:

- білуге бейімделуден туындайтын білім – адамның дүниетану үдерісінде жүйеленген, нақтыланған, құбылыс заңдылықтарына сай алған әсерін ғана объективті зерттеуге, ғылыми жүйеде негізделген тіркеуге, түйіндеуге жол ашатын ұғым;

- білім қызметі – қоғамдық дамуды, ондағы ілгері-кейінді құбылыстарды, табиғат әрекетін тануда объективті қорытынды жасауда жарық көретін адамның өнімі.

Адамның тіршілік етуінің және қоғамдық өзара қарым-қатынастардың нәзік те, сезімтал саласы – ақпарат таратудың осындай толассыз ағыны жалғасып келеді. Жалпы ақпарат өндірушілердің басты мақсаты мемлекеттің экономикалық, әлеуметтік-мәдени қызметтеріндегі өздерінің тауарларын тұтынушы-қалың қауымның игілігіне ұсынып, ортақ мүдделерге сай теңгерімді қамтамасыз ету барысында өнімділікке жету болып табылады.

ӘДЕБИЕТ

1. Таранов Павел «Звезды мировой философии» «Энциклопедия высокого ума» – Москва “Аст” издательство – 1999. – 175-212 б.
2. Таранов Павел. «Звезды мировой философии» «Энциклопедия высокого ума» – Москва “Аст” издательство – 1999. – 175 б.
3. Орысша-қазақша сөздік. – Алматы – 1981. – 562 б.
4. Свитич Л.Г. «Профессия: журналист», оқу құралы
5. Ворошилов В.В. «Журналистика» – «Издательство Михайлова В.А. – Санкт-Петербург» – 2004. – 73-79 б.
6. «Журналистика факультеті» – Қазақ Ұлттық университеті – 2004. – 25-30 б.

Резюме

В статье рассматривается история СМИ и их место и роль в общественных отношениях.

Resume

In the article is considered the history of MMI and their place, role in social relations.

УДК 37. 018. 32 : 371.13

КРИТЕРИИ ПОДГОТОВКИ ПЕДАГОГОВ ДЛЯ РАБОТЫ В УЧРЕЖДЕНИЯХ ИНТЕРНАТНОГО ТИПА

Л.П. Богачева

**Карагандинский университет им. Е.А. Букетова,
г. Караганда**

Подготовка детей-сирот к самостоятельной жизни всегда была острой государственной проблемой. Законы РК гаран-

тируют права сирот на материальное обеспечение, на образование и профессиональную подготовку. Сложилась система содержания, воспитания и обучения сирот в детских государственных учреждениях интернатного типа (дома ребенка, детские дома школы-интернаты для детей-сирот и детей, оставшихся без попечения родителей). Разработаны механизмы выявления детей, нуждающихся в попечении государства, механизмы защиты их прав и законных интересов.

Тем не менее, выпускники детских домов чаще своих сверстников оказываются участниками или жертвами преступлений, чаще теряют работу или жилье, с трудом создают семью, легче становятся алкоголиками и наркоманами и даже становятся жертвами суицида. То есть вхождение их в самостоятельную жизнь сопряжено с большими сложностями и не всегда проходит успешно.

Личность педагога, работающего в сиротском учреждении, имеет огромное значение в развитии ребенка, к ней предъявляются особые требования. В педагогических трудах известных отечественных и зарубежных педагогов разного времени подчеркивается, что личность педагога, работающего с детьми-сиротами, должна служить примером для их воспитанников.

Я. Корчак писал: «Детям нужен пример. Основной постулат теории воспитания - дай пример. Не словом, а делом» [1, с.21]. Наблюдая за детьми в детском доме, он искал среди них будущих воспитателей: «Внимательный наблюдатель разглядит наметанным глазом детей тихих, скромных и непризнанных; серых, ибо они только добрые, ничего больше, им слеза товарища доставляет боль, а радуется его радость... Бывает: беспомощный, серенький, наивный, кажется, глупенький - а он подвижный, внимательный, изобретательный и наблюдательный: вмиг как из-под земли вырастет, если кто-нибудь из ровесников что-то потерял и не может найти...» [2, с.288].

В.Я. Стоюнин в статье «Воспитательницам групп малолетнего отделения московского воспитательного дома» писал: «Воспитательница должна всегда иметь в виду, что свою собственную личностью она имеет огромное влияние на развитие духовной стороны ребенка... Воспитательнице следует быть примером для детей во всем, что она желает потребовать от них самих: в чистоте, в опрятности, в строгом подчинении всем порядкам, в приличном и вежливом обращении со всеми, сдержанности и прочее» [3, с.107].

Размышляя о работе воспитателей в специальных учреждениях, А.С Макаренко замечает, что «это работа самая трудная, в итоге, возможно, работа самая ответственная и требующая от личности не только наибольшего напряжения, но и больших сил, больших способностей» [4, с.320].

Известный отечественный педагог В.П. Кащенко, работающий с трудновоспитуемыми детьми и детьми, имеющими ограниченные возможности здоровья, подчеркивает, что «деятельность педагога, воспитывающего исключительного ребенка, многообразна и сложна. И, может быть, вследствие такого положения, личность педагога - дефектолога, являясь одним из сильных «раздражителей» воспитания, играет значительную роль - положительную или отрицательную в изменении поведения исключительного ребенка» [5, с.184].

Известный венский психоаналитик и педагог А. Айхорн, говоря о перевоспитании трудного подростка в учреждении закрытого типа, отводит личности воспитателя огромное значение: «Он является тем значимым объектом, с помощью которого антисоциальный ребенок или подросток может восполнить дефективную или отсутствующую идентификацию... С помощью воспитателя подросток учится общаться со своими товарищами, что помогает ему преодолеть антисоциальные черты» [6, с.292].

Размышляя о роли воспитателя в жизни детей, растущих вне семьи, А. Фрейд в русле психоанализа, отмечает, что во многом занимаемая позиция педагога определяет успешность воспитательного воздействия: «если он (воспитатель) сумеет взять на себя роль их суперэго, примера подражания группы, то принудительное подчинение занимает на добровольное послушание. Кроме того, находящиеся под его руководством дети будут более привязаны друг к другу и станут единой группой» [7, с.47].

Следовательно, при подготовке педагогов и психологов к работе с детьми-сиротами, следует учитывать, что личность педагога является образцом для подражания и формирования у воспитанников определенных качеств, в то же время этот человек должен отличаться высоконравственными ценностями, быть гуманным и любить детей.

Проблема подготовки студентов к работе с детьми-сиротами связана с тем, что в сложившейся практике от педагога, работающего с детьми-сиротами, требуются «максимальное эмоционально-личностное включение в жизнь ребенка, полная самоотдача, следование идее бескорыстного служения обездоленным детям» [8, с.40]. Такая эмоционально-личностная включенность может привести к профессиональной деформации личности специалиста, связанной с изменениями эмоционально-волевой сферы, то есть к его «эмоциональному выгоранию».

Исследование эмоциональной сферы педагогов школы-интерната, проведенное под научным руководством Л.Г. Жедуновой, показало, что степень подверженности «эмоциональному выгоранию» у них достаточно высока. Так, наиболее характерные высказывания педагогов были следующие: «очень устаю на работе», «испытываю постоянное напряжение», «огромная психологическая нагрузка», «просто отбывать часы нельзя, необходим постоянный, эмоциональный

контакт», «работать здесь очень тяжело, приходится много вкладывать в детей», «не хватает сил на свою семью» и др.

Данные, полученные в ходе исследования, позволяют дать достаточно полное описание эмоциональной сферы педагога, работающего с детьми-сиротами. Этот человек, испытывающий постоянное напряжение, эмоциональные перегрузки, его личностные ресурсы истощены, он чувствует себя усталым, опустошенным. Стрессовые ситуации, связанные с работой, большое количество воспитанников, требующих внимания и эмоционального отклика со стороны воспитателя, вызывают нередко чувство раздражения и обиды. Невозможность удовлетворить эмоциональные запросы своих подопечных, приводит часто к ощущению неуспеха, неудачи, бессмысленности своей деятельности. Данное описание наглядно демонстрирует наличие в эмоциональной сфере педагогов, работающих с сиротами, основных аспектов «выгорания».

Следовательно, критерием подготовленности студентов к работе с детьми-сиротами будет являться эмоционально-волевой.

Эмоционально-волевой критерий характеризует качества личности, обеспечивающие успешность социально-педагогического процесса и результативность деятельности педагога. Подготовленность по данному критерию предполагает владение технологиями сохранения внутреннего равновесия и эмоционального восстановления, наличие коммуникативных способностей, способностей к гибкому вариативному поведению с детьми, умение распознать эмоциональное состояние ребенка, наличие волевых качеств.

Выявленные в процессе экспертной оценки качества можно охарактеризовать как защитные, требующие высоких эмоциональных затрат:

- работоспособность, выносливость;

- толерантность (терпение, самообладание);
- организованность, собранность;
- коммуникабельность (умение расположить к себе людей);
- педагогический такт (мера в предъявлении требований);
- упорство в доведении начатого дела до конца, настойчивость.

Выявленные качества обусловлены спецификой работы с детьми-сиротами и показывают, что педагогическая деятельность требует от педагога интеллектуального, волевого и эмоционального напряжения, а также физической выносливости и психической стрессоустойчивости. Терпение, терпимость, принятие ребенка таким, какой он есть, умение прощать, являются наиболее важным в работе с проблемными детьми. Быть в меру добрым и требовательным, учитывать силу слова, то есть соблюдать такт, «дистанцию» при общении с сиротами всегда трудно, и по тому, насколько это удастся, можно говорить о его подготовленности к работе.

Большое значение в повышении эффективности социально-педагогической работы с детьми-сиротами имеют мотивы профессиональной деятельности. Мотивы - побудители деятельности, складывающиеся под влиянием условий жизни субъекта и определяющие направленность его активности. Л.Е. Никитина отмечает, что «в социально-педагогической работе должны принимать участие люди, не равнодушные к бедам и проблемам других людей, желающие и знающие, как помочь человеку в трудной жизненной ситуации, безусловно, честные, так как общество направляет в систему социальной защиты населения значительные ресурсы» [9, с.126]. В большей степени это положение относится к людям, которые призваны оказывать помощь особо нуждающимся в защите категориям детей-сиротам.

Поэтому следующим критерием подготовленности будет являться мотивационно-потребностный критерий.

Мотивационно-потребностный критерий определяет направленность на профессиональную социально-педагогическую деятельность с детьми-сиротами и характеризуется стремлением к общению с детьми и потребностью оказывать им помощь, постоянно пополнять специальные знания о работе с детьми-сиротами.

В структуре личности педагога особая роль принадлежит профессионально-педагогической направленности, под которой понимается мотивационная обусловленность действий, поступков, всего поведения человека конкретными жизненными целями, источниками которых являются потребности, общественные требования.

Ведущим мотивом, которым руководствовались большинство воспитателей при выборе работы в детском доме (48%), выступила потребность оказывать помощь в решении проблемы сиротства, помощь конкретному ребенку, а также осознание значимости своего труда для детей. В основном эту группу воспитателей составляют люди, имеющие педагогический стаж, превышающий 10 лет.

Возможность для самореализации, раскрытия педагогических способностей как способ самосовершенствования рассматривают работу в детском доме 31 % воспитателей. Эту группу составляют молодые педагоги, общий стаж которых не превышает 10 лет.

В целом, как свидетельствуют результаты опроса социальных педагогов и воспитателей, не удовлетворенных собственной работой в детском доме нет. Так, 24 % опрошенных, полностью удовлетворены своей работой, 45 % - в основном, 31 % - частично.

Если сравнить эти данные с результатами исследования профессиональной педагогической позиции воспита-

телей (доминирующим стилем взаимодействия «взрослый-ребенок» является директивный), то можно высказать предположение о том, что, руководствуясь социально-ценностными мотивами в своей работе с детьми-сиротами, педагоги не позволяют в полной мере формировать у детей самостоятельность и сохранять автономность ребенка.

Профессиональные знания и умения - это объективные характеристики труда педагога, а личностные особенности, мотивы и ценностные ориентации его субъективные характеристики.

Важным критерием подготовленности педагогов и психологов к работе с детьми-сиротами является когнитивный критерий, который характеризует наличие у обучаемых системы знаний об особенностях своей личности и о специфике социально-педагогической работы с детьми-сиротами. Он включает в себя четыре блока знаний, взаимосвязанных между собой. Первый блок - это знания об особенностях развития детей-сирот. Второй блок - это знания теории и истории социального воспитания детей-сирот, знание современных концепций воспитания. Третий блок - это знания методик и технологий социально-педагогической работы с детьми, оставшимися без попечения родителей. Четвертый блок - это знания нормативно-правовой базы социально-педагогической работы с детьми-сиротами и детьми, оставшимися без попечения родителей.

Знания педагога реализуются в его практической деятельности, поэтому они органически связаны с его умениями. О.А. Абдулина отмечает, что «практические умения учителя являются формой функционирования его теоретических знаний».

Следовательно, важным критерием подготовленности студентов будет являться действенно-практический критерий, который, на наш взгляд, будет определять способ-

ность к реализации социально-педагогических функций в работе с детьми-сиротами.

Главной особенностью социально-педагогической и психологической деятельности с детьми-сиротами является ее абилитационный характер. Абилитация детей-сирот направлена на совершенствование ресурсов их саморазвития, а также на развитие определенных способностей, которые могли бы компенсировать имеющиеся у них недостатки, вызванные потерей семьи, и способствовать к преодолению трудностей социализации.

ЛИТЕРАТУРА

1. Корчак Я. Воспитание личности. М.: Просвещение, 1992.
2. Корчак Я. Избранные педагогические произведения: Пер. с польского. - М.: Просвещение, 1979.- С. 473.
3. Стоюнин В.Я. Избранные педагогические сочинения. - М.: Педагогика, 1991. - С. 104-110.
4. Макаренко А.С. О воспитании. М.: Политиздат, 1988.- С. 256.
5. Кашенко В.П. Педагогическая коррекция: Исправление недостатков характера у детей и подростков: Книга для учителя. 2-е изд. М.: Просвещение, 1994. - С. 221.
6. Айхорн А. Трудный подросток. - М.: Апрель Пресс, ЭКСМО-Пресс, 2001.- С. 304.
7. Фрейд А. Теория и практика детского психоанализа: в 2-х тт.; Пер. с англ. и нем. - М.: ООО Апрель Пресс, ЭКСМО-Пресс, 1999. С. 384, 400.
8. Преодоление трудностей социализации детей-сирот: Учебное пособие/ Под ред. Л.В. Байбородовой. - Ярославль: ЯГПУ, 1998.- С. 49.
9. Никитина Л.Е. Социальная педагогика: вопросы теории и практики. - Ярославль: ДИА-пресс, 2001. - С. 275.

Түйіндеме

Следовательно, интернационализация народных игр явление не новое, она изначально присуща всем народам, живущим на земле. С другой стороны, адаптация народных игр к современным условиям происходит вне зависимости от воли человека. Другое дело, что без его активного вмешательства этот процесс будет происходить стихийно, с большими потерями и издержками, неизбежными при любом стихийном процессе. К примеру, многие весьма полезные в учебно-воспитательном процессе народные игры забываются, а вместе с ними уходят в небытие уникальные, испытанные многовековой практикой приемы народной педагогики. Поэтому народные игры, являясь продуктом духовной деятельности того или иного народа, по своей сущности выходят за пределы того или иного этноса.

Таким образом, народные игры по своей сути интернациональны и хранят в себе потенциальный резерв в воспитании молодежи. Они представляют собой богатейшую сокровищницу средств и приемов народной педагогики. Включение народных игр в программы учебных заведений по физическому воспитанию наглядно демонстрируют их

сочетаемость с содержанием этих программ. Необходимость теоретического анализа народной педагогики в области исследования народных игр и средств физического воспитания очевидна, поэтому решать ее надо сегодня.

ЛИТЕРАТУРА

1. Волков Г.Н. Этнопедагогическая концепция национальной школы // Национальная школа: концепция и технология развития. Материалы международной конференции. Якутск, 16-21 марта 1993 г. – М.: Просвещение, 1993. – С. 45-52.
2. Гмырин А.Г. Воспитательный потенциал народных традиций в подготовке учителя физической культуры: Канд. дисс. – СПб., 1995. – С. 243.
3. Таникеев М.Т. История физической культуры в Казахстане. – А., 1977. – С. 143
4. Янушкевич А. Дневники и письма из путешествий по степи. – А., 1966. – С.75
5. Назаров Ф. Записки о некоторых народах и землях средней части Азии. – М., 1968. – С. 25.

Түйіндеме

Мақалада қазіргі жастардың дене тәрбиесіндегі ұлттық мәдениетінің рөлі мен маңызы сөз етіледі.

Resume

In the article determined the place and the role of the national culture in the physical education of modern youth.

ӘӨЖ 378.147:51

АҚПАРАТТЫҚ СХЕМА – СТУДЕНТТЕРДІҢ ОҚУ-ТАНЫМДЫҚ ІС-ӘРЕКЕТІН БАСҚАРУДЫҢ ҚҰРАЛЫ

Е.А. Тұяқов

Павлодар мемлекеттік педагогикалық институты

Білім беру үрдісіндегі оқыту технологиясының бірден-бір мәселесі оқу үрдісін тиімді ұйымдастыру, тұлғаның қалыптасуы мен дамуына ерекше көңіл аудару болып табылады. Осы мәселені шешудің негізіне оқытудың әдістері мен түрлерінің дидактикалық жүйесін құру жатады. Тұлғаның қалыптасуы мен дамуы білім алушылардың оқу іс-әрекеттерін басқаруына байланысты болады.

Оқыту үрдісін басқаруды жетілдіру студенттердің білім сапасын арттырудағы негізгі құралдарына жатады. Студенттердің оқу-танымдық іс-әрекеттерінің жеке, саралы және ұйымшылдық түрлерін үйлестіру, олардың өзіндік іс-әрекеттерінің белсенділігін арттыруға жағдай туғызады, сөйтіп әрбір студенттің жан-жақты дамуына және нәтижелі оқуына әсерін тигізеді. Ал мұндай үрдісті іске асыру, оқытушының сабақты ұйымдастыру шеберлігіне және оны ұтымды басқаруына, шығармашылық қабілетіне тікелей байланысты.

Оқытудың басты міндеті танымдық іс-әрекеттің рационалды тәсілдерін қалыптастыру болып табылады, өйткені оқыту барысында оның нәтижесін ғана емес, танымдық іс-әрекеттің толығымен бақылау қажет. Оқыту үрдісі, сонымен қатар басқару болып табылады. Онда меңгеруші және бағынушы жақтары бар, яғни: педагог – білім алушы. Студенттердің оқу іс-әрекеттерін басқару тәсілдері, олардың ойдағыдай оқуына әсер етеді.

«Басқару – педагогикалық үрдістің негізі. Басқару – жеке адамның, не ұжымның алдына мақсат қойып, жұмысты жоспарлап, ұйымдастыру». Оқыту үрдісінде «Басқару – оқыту мәселесіне кері әсерін тигізетін әдістерді тану, немесе кері әсер ету емес, қайта оқыту үрдісінің негізін танып, әрбір әрекетті үйлесімді түрде қолдана білу». Оқыту үрдісі – әлеуметтік үрдіс, онда ұстаздар мен білім алушылар белсенді түрде әрекет етеді. Педагогикалық үрдісті басқару кезінде басқару нысанын анықтап алу ерекше орын алады [1].

Осындай пікірді П.А. Юцявичене де қолдайды: «Педагогикада басқару объектісі ретінде тұлғаның өзі емес, оның дамуға тиісті іс-әрекеті жатады» [2].

Іс-әрекеттің жалпы теориясы бойынша, іс-әрекет оқу үрдісінің негізіне жатады. Іс-әрекетсіз оқу, ұрпақтан ұрпаққа білім мен іс-тәжірибені беру мүмкін емес. Сондықтан оқу үрдісін басқарудың негізгі міндеті – оқу үрдісін тиімділеу; білімді, білік және дағдыны меңгеру тиімділігін арттыру; білім алушылардың ойлау қабілетін және ойлауын дамыту.

Жоғары курс студенттерінің математикалық дайындықтарының деңгейі мен осы білімді қажет ететін кәсіби және арнайы пәндер циклінің талаптарының арасында үзілістің болуы баршылық:

Біріншіден, жоғары мектепте құрылатын математикалық білім, білік және дағдылардың негізі әлсіз, өйткені талапкерлердің дайындық деңгейі төмен. Біздің бақылауымыз көрсеткеніндей, көптеген студенттер өздерінің мүмкіншіліктерін толығымен пайдаланып оқымайды. Оған себеп, бір жағынан, оқытушының оқытудың әдіс-тәсілдерін жетілдірмеуі, басқа жағынан, талапкерлердің мектеп курсы математикасының іргелі ұғымдарын (теңдеулер, функция, туынды, алғашқы

функция, интеграл) игеру сапасының төмендігі. Бірінші курс студенттерінің оқу жұмыстарының әдістерімен қаруланбағанын ескерткен жөн.

Екіншіден, басқадай пәндердегі қолданбалы есептерді шешуде, курстық және қорытынды жұмыстарды, жобаларды орындауда математикалық әдістерді пайдалану барысында қиындықтардың кездеседі. Оған себеп, ереже бойынша математика 1-ші және 2-ші курстарда оқылады және материалды баяндау көптеген жағдайда түсіндірмелі түрде жүргізіледі. Тәжірибе көрсеткендей, көптеген жағдайда студенттердің математикадан білімдері формальды, ал білік пен дағдылар қалыптаспаған болып қала береді, өйткені білім семестрлік емтиханды тапсыруға және ұмытуға қажетті «жаттанды» материалдың өлшемі ретінде анықталады.

Математиканы оқыту барысында өзіндік тілді – символдар тілінің бар болуын ескеру қажет. Оған кестелер, формулалар, белгілер, графиктер, суреттер және тағы басқалары. Математикалық бейнелердің мазмұнын дұрыс көріп, түсіну біліктілігі студенттерді дамыту мен оқытудың негізгі бір бағыттары болып табылады. Қандайда бір визуалды ақпаратты алған кезде жаңа визуальды бейнелер мен формаларды құру мен құрастыру мүмкіндіктері туады. Әрбір визуалды бейне ережеге бағынышты визуалды көрінетін қатаң логикалық құрылым болып табылады. Кез келген визуалды ақпараттар өзіне проблемалық элементтерді қамтиды, өйткені визуалды материал қандайда бір мазмұнға қатысты қысқартылған ойды атқарады. Визуализация әдісі үлкен көлемді ақпараттарды жүйелендіру, топтау, хабарлаудың ерекше мәнді элементтерін белгілеу негізінде қысқартылған түрде ұсынуға мүмкіндік береді.

Математиканы көрнекі-бейнелік қатынас көмегімен оқыту арқылы оқыту үрдісін басқаруға болады. Басқаруды жүзеге асыруға мүмкіндік беретін элементтердің бірі,

ақпараттық схемалар болып табылады. Ақпараттық схемалар – қажетті білімдерді еске түсіруге және жалпылауға мүмкіндік беретін кесте. Ақпараттық схема блоктардан тұрады, олардың әрқайсысы теорияның жекелей үзіндісіне арналады. Мұндай схема жылдам бағыт көрсетуге мүмкіндік беретін мәтін, сурет және формуладан тұрады.

Ақпараттық схемалар негізгі ақпараттарды өтейді, оған сүйеніп онымен байланысқан деректерді жаңғыртуға болады. Ақпараттық схеманың дәл осы қасиетін оқытушы, студенттің оқу-танымдық іс-әрекетін ұйымдастыру үшін пайдалана алады. Мысал ретінде, «Анықталмаған интеграл» (1-сурет), «Ретін төмендетуге болатын екінші ретті дифференциалдық теңдеулер» (2-сурет), «Коэффициенттері тұрақты екінші ретті сызықтық біртекті дифференциалдық теңдеулер» атты ақпараттық схемаларды қарастырайық (3-сурет).

Схемалар, формулалар, графиктер түрінде ұсынылған абстрактылы материалды бергенде, студент оны көруі тиіс. Берілген жағдайда, материалды көзбен қабылдау жүзеге асырылады; ұсынылған ақпаратты сөзбен жеткізген артық болмайды.

Ақпараттық схема «Анықталмаған интеграл»	
$F(x)$ – алғашқы функция $F'(x) = f(x)$	$\int f(x)dx = F(x) + C$ алғашқы функциялар жиынығы
Қасиеттері: 1) $\int (f(x)dx)' = f(x)$; 2) $\int dF(x) = F(x) + C$; 3) $\int c f(x)dx = c \int f(x)dx$; 4) $\int (f(x) + g(x))dx = \int f(x)dx + \int g(x)dx$	Дифференциал таңбасының астына енгізу арқылы ишкерілеу ережесі: 1) Функцияны және оның туындысын анықтау; 2) Туындысын дифференциал таңбасының астына көшіру; 3) Дифференциалды өсіптеп көбейткіштің орнын толтыру; 4) Интегралды оқып, жауабын жазу.
Интегралдар кестесі:	
1) $\int u^n du = \frac{u^{n+1}}{n+1} + C$; 2) $\int \frac{du}{u} = \ln u + C$; 3) $\int a^x du = \frac{a^x}{\ln a} + C$; 4) $\int e^u du = e^u + C$; 5) $\int \sin au du = -\cos u + C$; 6) $\int \cos au du = \sin u + C$;	7) $\int \frac{du}{\cos^2 u} = \operatorname{tg} u + C$; 8) $\int \frac{du}{\sin^2 u} = -\operatorname{ctg} u + C$; 9) $\int \frac{du}{a^2 - u^2} = \frac{1}{a} \operatorname{arctg} \frac{u}{a} + C$; 10) $\int \frac{du}{a^2 - u^2} = \frac{1}{2a} \ln \left \frac{a+u}{a-u} \right + C$; 11) $\int \frac{du}{u^2 - a^2} = \frac{1}{2a} \ln \left \frac{u-a}{u+a} \right + C$; 12) $\int \frac{du}{\sqrt{a^2 - u^2}} = \operatorname{arcsin} \frac{u}{a} + C$.
Интегралдау әдістері:	
1. Бөлшектеп интегралдау $\int \frac{P(x)}{Q(x)} dx = \int \frac{M}{x-a} dx + \int \frac{N}{x^2+b^2} dx$ 1) көпмүше * көрсеткіш, лог., триг., кері триг.; 2) көрсеткіш * тригонометрия; 3) кері тригонометрия; 4) екі рет интегралдап бастапқы интегралды ораламыз.	2. Квадрат үшмүшелерді интегралдау $\int \frac{dx}{ax^2+bx+c}$; $\int \frac{Mx+N}{ax^2+bx+c} dx$; $\int \frac{dx}{\sqrt{ax^2+bx+c}}$; $\int \frac{Mx+N}{\sqrt{ax^2+bx+c}} dx$ квадрат үшмүшеден толық квадраттан бөліп алып, жаңа алымын жасаймыз. $\int \frac{dx}{x\sqrt{ax^2+bx+c}} = \left \frac{x-1/t}{dx = -dt/t^2} \right $
3. Рационал бөлшектерді интегралдау $\int \frac{P_n(x)}{Q_n(x)} dx$ ($P_n(x)$, $Q_n(x)$ – n және m дәрежелі көпмүшелер). $n > m$ – бұрыс бөлшек, оның бүтін бөлігін айырып дұрыс бөлшекке келтіреміз. $n < m$ – дұрыс бөлшек. Қарапайым бөлшектерін санаулы қосындысына жіктеу: 1) $\frac{A}{x-a}$; 2) $\frac{A}{(x+a)^2}$; 3) $\frac{Ax+B}{x^2+bx+c}$; 4) $\frac{Ax+B}{[x^2+bx+c]^k}$.	


Ишкерілеу әдістері:	
4. Иррационал функцияларды интегралдау 1) $\int R(x, x^{\frac{1}{n}}, x^{\frac{2}{n}}, \dots) dx$, $x = t^n$, $n = [k, l, \dots]$; 3) $\int R(x, (ax+b)\sqrt{x}, \dots) dx$, $\frac{ax+b}{cx+d} = t^n$; 2) $\int R(x, (ax+b)\sqrt{x}, \dots) dx$, $ax+b = t^n$; 4) $\int \sqrt{a^2 \pm u^2} du$, $u = atg t$, $u = a \sin t$.	
5. Тригонометриялық функцияларды интегралдау 1) $\int R(\sin x, \cos x) dx$: $tg \frac{x}{2} = t$; $\sin x = \frac{2t}{1+t^2}$; $\cos x = \frac{1-t^2}{1+t^2}$; $dx = \frac{2dt}{1+t^2}$; 2) $\int R(\sin x, \cos x) dx$ (триг. функ. жөні дәрежелі): $tg x = t$; $\sin^2 x = \frac{t^2}{1+t^2}$; $\cos^2 x = \frac{1}{1+t^2}$; 3) $\int \sin mx \cdot \cos nx dx$, $\cos mx \cdot \cos nx dx$, $\sin mx \cdot \cos nx dx$: триг. формулаларды пайдалану; 4) $\int \sin^m x \cdot \cos^n x dx$: а) m немесе n – тақ сан, бөліп алу әдісімен; б) m және n – жұп сан, дәрежені төмендету формулаларымен; 5) $\int R(tg x) dx$; $tg x = t$; $x = \operatorname{arctg} t$; $dx = \frac{dt}{1+t^2}$.	

Сурет 1 - «Анықталмаған интеграл» тақырыбы бойынша ақпараттық схема

Әрбір анық құрылған символды және геометриялық бейне, оның негізгі құраушыларын көзбен белгілеуге және талдауға мүмкіндік береді. Берілген құрылым ақпараттық материалдың визуалды моделі болып табылады, кейін олар қойылған есептерді шешу барысында пайдаланылады. Бірақта оған қажетті мазмұнды енгізу үшін, визуалды ойлаудың жоғары мәдениетті болуын талап етеді. Оның қалыптасуы күрделі және ұзақ үрдіс.


Ақпараттық схемаларды пайдалану барысында тек қана оқылған тақырыптар бойынша теориялық мағлұмат алып қоймай, материалды жылдам жаңғыртуға және оларды (схемаларды) есептер шешуде қолдануға мүмкіндік береді. Ақпараттық схемалар теориялық материалдарды ұсынумен қатар қандайда бір құрамды бөлігі (шарты, жауабы, шешімі) берілмеген әртүрлі сипаттағы есептерді де қамтуы мүмкін.

Сонымен, ақпараттық схеманы екі тәсілмен пайдалануға болады: біріншіден, ақпараттық схема оқу ақпаратын визуализациялау құралы ретінде, ал екіншіден – оқу іс-әрекетін ұйымдастыру құралы ретінде орындалады.



Сурет 2 - «Ретін төмендетуге болатын екінші ретті дифференциалдық теңдеулер» тақырыбы бойынша ақпараттық схема

Психологтардың зерттеулері бойынша, адамдың жадысында құлақпен естіген ақпараттың 10%-ы; оқығаннан - 30%; бақылай қарап отырғаннан - 50%, тәжірибелік іс-әрекет жүргізуден - 90% ақпарат сақталады екен [3].



Сурет 3 - «Коэффициенттері тұрақты екінші ретті сызықтық біртекті дифференциалдық теңдеулер» тақырыбы бойынша ақпараттық схема

Студенттердің оқу-танымдық белсенділігі мен өз бетінше жұмыс істей білуін дамытудың маңызды құралы – әр түрлі өзіндік, жартылай өзіндік жұмыстар және бақылау жұмыстары. Сондықтан аз уақыт ішінде студенттердің білімдерінің, іскерліктері мен дағдыларының деңгейі туралы дұрыс мағлұмат алу үшін оқу жылының алғашқы күндерінен бастап сабақтардағы күнделікті жұмыстармен қатар, кейде сабақтан тыс уақытта алдыңғы өткен тақырыптар бойынша студенттердің білімдері мен дағдыларындағы кемшіліктерді анықтау мақсатында арнайы қысқа мерзімді өзіндік жұмыстарын жүргізген пайдалы. Мысалы, «Коэффициенттері тұрақты екінші ретті сызықтық біртекті дифференциалдық теңдеулерді шешу» бойынша ақпараттық схеманы ұсынамыз (4-сурет).

Ақпараттық схема
«Көэффициенттері тұрақты екінші ретті сызықтық біртекті дифференциалдық теңдеулерді шешу»

Келесі теңдеулерді шешу барысында жеткілікті берілгендерін толықтыр

Теңдеу	Жалпы шешімі
$y'' + 2y' + y = 0$	$y = C_1 e^{-x} + C_2 \dots$
$y'' + \dots y' + \dots = 0$	$y = e^{2x} (C_1 \cos 2x + \dots \sin 2x)$
$y'' - 5y' + \dots y = 0$	$y = C_1 e^{3x} + e^{-x}$
$y'' + 9y = 0$	$y = C_1 e^{-x} \dots$
$6y'' - 12y' - 18y = 0$	$y = \dots e^{-2x} + \dots e^{-x}$

Сурет 4 - «Көэффициенттері тұрақты екінші ретті сызықтық біртекті дифференциалдық теңдеулерді шешу» бойынша ақпараттық схема

Жоғарыда айтылғандардан басқа, ақпараттық схемаларды қайталауды ұйымдастыру үшін анықтама ретінде пайдалануға болады, өйткені ақпараттық схемада барлық қажетті материалдар қамтылады. В.А. Далингердің пікірінше: «Қорытынды қайталауды оқыту үрдісінің қажетті түйіні ретінде қарастырған жөн, өйткені ол курстың жетекші ұғымдарын терең түсінуге, білім элементтері арасындағы жаңа байланысты өндіруге мүмкіндік береді. Барлығынан бұрын ол, жаңа білімді қалыптастырады және өтілген материал бойынша білімді абстракцияның жаңа деңгейіне көтереді» [4].

Сонымен, оқытуға ұсынылып отырған осындай қатынас студенттердің оқу-танымдық іс-әрекетін белсенділендіруге және кәсіби білімді алу үшін қажетті математикалық аппаратты қалыптастыруға мүмкіндік жасайды демекпін.

ӘДЕБИЕТ

1. Талызина Н.Ф. Управление процессом усвоения знаний. – М., 1975. – С. 344.

2. Юцявичене П.А. Основы модульного обучения. – Вильнюс: Минвуз Лит ССР, 1989. – С. 68 .
3. Платонов К.К., Голубев Г.Р. Психология. – М., 1977. – С. 195-196.
4. Далингер В.А. Совершенствование процесса обучения математике на основе целенаправленной реализации внутри-предметных связей. – Омск: ИПКРО, 1993. – С. 323.

Резюме

В данной статье предлагаются информационные схемы, позволяющие восстановить или обобщить необходимые знания, осуществлять управление процессом обучения математики с помощью наглядно-образного подхода к преподаванию.

Resume

The article deals with the problem of the information scheme, that is allowed to restore or generalise necessary knowledge and do management for the process of mathematics teaching with the help of graphic approaches.

ӘӨЖ 378:94 (574)

«ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ» ПӘНІН ОҚЫТУДЫҢ ТАРИХИ ЖОЛЫ

Ә.Ж. Шоқпаров, Е. Жұматаева

С.Торайғыров атындағы

Павлодар мемлекеттік университеті

Бүгінгі модернизация кеңістігінде Қазақстан Республикасының Жоғары оқу орындарының білім мазмұнын іске асыратын оқулықтарының ұлттық жаңа

үлгісін жасау жоғары білім жүйесіндегі мемлекеттік білім стандарты талаптарына сәйкес тарих пәні міндетті түрде оқытылуы тәрізді мәселелерге байланысты елеулі өзгерістер жасалуда. Мұның өзі ЖОО-нда Қазақстан тарихынан білім беру мазмұнын өзгерту, оқу-әдістемелік жүйесін жаңадан құру, соған байланысты жаңа оқулықтар мен бағдарламалар жасау туралы мәселелердің бүгінде ең өзекті проблемалардың бірі екенін айқындайды.

Мәселелердің көпшілігі дұрыс талқыланғанмен, солшылдық пиғылдар да болды; жалпы алғанда, конференция іскерлікпен өтті. Конференция жер-жерде халық ағарту ісін дұрыс ұйымдастыруды көздейтін нақтылы шаралар жоспарын жасады.

Мұнымен бірге Қазақ АССР үкіметі мұғалімдерді даярлауды және қайта даярлауды күшейтті. Халық ағарту институттары мен педагогтар даярлайтын орта дәрежелі оқу орындары ашылды. 1921 жылғы 1 июльге қарай Қазақстанда төрт халық ағарту институты жұмыс істей бастады [1].

Орынбордағы орыс институты, оқушылары	130 адам
Орынбордағы татар институты, оқушылары	233 адам
Орынбордағы қазақ институты, оқушылары	140 адам
Орынбордағы аралас институты, оқушылары	90 адам
Барлығы	593 адам

1924 жылғы 1 апрельде әлеуметтік тәрбие саласында, балалар үйлерінің қызметкерлерін қосқанда, барлығы 5388 адам қызмет етті, оның ішінде: орыстар – 3954 (73 %), қазақ 1149 (21%), татар – 254 (5%), басқа ұлттар – 31 (1%), 1924 жылғы есеп бойынша, мұғалімдердің білім дәрежесі мен стажына байланысты құрамын көрсететін таблица келтірейік [2].

Қандай оқу орындарын немесе курс бітірген	Барлық мұғалім	Біліміне қарай мұғалімдер құрамы (жалпы саны ішінде неше процент)	Педагогтық жұмыс стажы бойынша мұғалімдердің құрамы		
			3 жылға	3 жылдан 5 жылға дейін	5 жылдан артық
Жоғары оқу орындары	252	5,8	35	35	35

Барлық келтірілген деректемелерден байқап отырған бір мәселе анық – ол қазақ совет мектептерінде бекітілген, заңдастырылған оқу жоспары мен программалары, оқулықтардың болмауы. Осындай сылтаулардан кейін оқулықтарды тез арада шығаруға мәжбүр болғандықты бетке ұстайды. Бұл ойымызды төмендегі деректермен бекіте түскенімізді орынды деп есептейміз.

Алғашқы жылдарда қазақ совет мектептерінде бекітілген оқу жоспарлары мен программалары, оқулықтар болмады. Мұның өзі оқу жұмысында зор қиыншылықтар туғызды. Сондықтан қазақ тілінде совет мектебінің барлық талаптарына сай келетін жаңа оқулықтар мен оқу құралдарын неғұрлым тез шығару керек болды. Оқулықтар жазудағы негізгі қиыншылық: ол кезде Қазақ АССР Халық ағарту Комиссариатының қарамағында жеткілікті даярлығы бар ғылыми-педагогикалық кадрлар болмады. Оның үстіне Қазақстанның ерекшеліктерін ескере отырып, жоғарылау мектептерге арналған жергілікті жағдайларға бейімдеп оқу программаларын жасау үшін алдын-ала көп жұмыс істеу керек болды [3]. РСФСР Халық ағарту Комиссариатының азамат соғысы кезінде шығарған нұсқаулары ауыл мектептеріне жеткізілмеді. Кей жерлерге жеткізілгеннің өзінде орыс тіліндегі материалдар көп мұғалімдерге түсініксіз болды.

РСФСР Халық ағарту Комиссариаты программалар жасауға бұрын кіріскен еді. 1919 жылы «Білім беру жұмысы үшін материалдар» шығарылды. Бұл программалық

методикалық материалдар барлық пәндерді түгелдей дерлік қамтыды. Олардың бір зор артықшылығы – ол материалдарда әрбір жеке пән бойынша программа берілді, ал кемшілігі – бұл материалдарды қолдану міндетті болмады. Бұл материалдар негізінде халық ағарту бөлімдеріне, жеке уездердің, аудандардың, тіпті мектептердің нақтылы жағдайларына бейімдеп, барлық пәндердің программаларын өздері жасау ұсынылды (бұл программаларды Қазақстанның кейбір, мәселен, Сырдария, Жетісу және тағы басқа халық ағарту бөлімдері де қолданды). 1920 жылы Халық ағарту Комиссариаты I және II басқыш мектептерге арнап екі вариантты оқу жоспарларын жасады: бірі – материалдық жабдығы, мұғалімдері және т.б. жетіспей, ауыр жағдайда жұмыс істейтін мектептер үшін; екінші – толық жоспар – бір қалыпты дұрыс жағдайда жұмыс істейтін мектептер үшін [4]. Сол шамада РСФСР Халық ағарту Комиссариаты тоғыз жылдық мектепке арнап, пәндік жүйе бойынша үлгі программалар жасады, бірақ оларды қолдану міндетті болмады, сондықтан бұл программаларға, халық ағарту бөлімдері мен мектептердің пікірінше қажет деп танылған өзгерістер енгізуге болатын еді, мұның өзі мектеп программаларының әртүрлі болуына әкеліп соқтырды.

Бұл оқу жоспарының артықшылығы мынада болды: а) бірінші группада сабақ өткізілетін уақыт жеке оқу пәндеріне бөлінді, ә) орыс тілі мен әдебиетінің сабақтарына жеткілікті уақыт берілді, б) тарих пен сызу оқу жоспарына дербес пән ретінде енгізілді, в) көркемдік тәрбие саласындағы оқу уақыты жеке пәндерге бөлінді.

1922 жылғы июньде Қазақстанның Халық ағарту Комиссариатының әлеуметтік тәрбие бас басқармасы (Главсоцвос) жанында еңбек мектебінің үлгі программасын әзірлейтін (қазақ мұғалімдерінің кең қатысуымен) комиссия құрылды. Комиссия мынадай ережені басшылыққа алды:

«1. Программа өндіріс саласына қатысы бар жергілікті материал негізінде жасалды; 2. Оқытушының жұмыс әдісі пәндік әдіс емес, комплексті әдіс болды. Мұның өзінде ресми жүйелі программаларда (жеті жылдық мектепке арналған) көрсетілген материалдар программаға түгел енгізіледі» [5].

Комиссия программаны жасағанда (табиғат тану, қоғам тану материалы негізге алынуға тиіс, ал жеке, дербес пәндер ретінде математика мен ана тілі (екінші дәрежелі формальдық пәндер деп танылып, түсірілуге тиіс) деп есептеді. Осыны негізге ала отырып, комиссия мынадай міндеттерді алдына қойды: 1. Мектептегі жұмыстың негізгі өзегі етіп және ана тілі мен арифметикадан формальдық дағды беретін жаттығу материалы ретінде табиғат тану, қоғам тану саласынан бір топ жергілікті объектілерді оқып үйрену ісімен ұштастыруға болатынын, болмайтынын» [6] анықтау. Комиссия мүшелерінің біреуі ең жарамды деген жергілікті объектілерді немесе «жатақхананы» табуға, басқалары оқу кітаптары мен арифметика есептер жинағының мазмұнын қайта қарап шығып, «ондағы материалды қандай табиғи жағдайда (жеке сабақтар ретінде емес) өтуге болатынын анықтауға» [7] тиісті болды.

Оқудың әр жылына арналған жеке программалар бола тұрса да, қоғам тану бірінші және екінші жылдарда ана тілімен қосылып, ал үшінші жылда ғана дербес пән ретінде оқытылды. Оқудың алғашқы екі жылы бойына ана тілінің сабақтарында географиядан бастапқы мәліметтер беріліп келді. Дербес пән ретіндегі география үшінші жылдан бастап енгізілді. Программаны жасаушылар қоғам тану мен географияны «ана тілімен тығыз байланыстыра және онымен бірге» оқытудың мұндай тәртібін зор табыс деп есептеді.

Төрт жылдық қазақ мектебіне арналған программалар 1924 жылғы июньде Қазақстан ғалымдарының бірінші съезінде талқыланды. Мұнан кейін ол программалар қазақ тілінде 3000 дана болып басылып, мектептерге таратылды.

Пәндік әдіспен жасалған 1924 жылдың программалары бастауыш мектеп мұғалімдерінің игеруіне жеңілдеу келді. Бірақ бұл программалардың мазмұнында және бағытының өзінде көп елеулі кемшіліктер болды. Мысалы, онда Ұлы Октябрь социалистік революциясының жеңістері, оқушылардың дүниеге материалистік көзқарасының негізін қалау мәселелері жеткілікті көрсетілмеді. Қазақтың бастауыш мектебінде орыс тілін үйрету мәселесі тіпті де алға қойылмады.

Сол 1924 жылы Қазақ АССР Халық ағарту Комиссариатының Білім орталығы (Академцентр) орыс тілінде «Республиканың халық ағарту қызметкерлеріне арналған бірінші методикалық хатты» әзірлеп бастырды. Бұл хатты бастырудың себебі – 1924/25 оқу жылынан бастап мектептерде Мемлекеттік ғылыми советтің программаларын енгізуге ұйғарылды, сондықтан мұғалімдерге бұл программалармен толығырақ танысуға мүмкіндік беру керек болды. Хатқа қосылған кіріспе сөзде осы мақсаттың көзделетіндігі айтылып, «мұғалімдерге Мемлекеттік ғылыми советтің программаларын меңгеруге көмектесу» [8], - деп көрсетілді. Хатта мынадай мәселелер көрсетілді.

Қазақ мемлекет баспасының полиграфия базасын нығайту 1925 жылы шығарылатын өнімнің жалпы көлемін едеуір кеңейтіп, мектептерге, барлығы 322 мың дана 16 оқулық пен оқу құралдарын беруге мүмкіндік туғызды. «Өткен жылы, - деп көрсетілді Қазақстанның Халық ағарту Комиссариатының Қазақстан Советтерінің V съезіне әзірленген баяндамасының тезистерінде, - II басқыш мектептер үшін 11 оқулық, мұғалімдер үшін 3 оқу құралы шығарылды [9].

1923 жылы жоғарылатылған типті мектептерде, IV кластан бастап, аптасына екі сағат саяси оқу сабақтары өткізілетін болды. Халық ағарту Комиссариаты мектептегі тарих, әдебиет, саяси оқу мұғалімдерінің циклдық комис-

сияларын басқаратын етіп коммунистер мен партияда жоқ білімді мұғалімдерді тағайындауды ұсынды. Мұғалімдерге тарих пен әдебиет материалдарын марксистік тұрғыдан баяндау ұсынылды.

Орталық Комитет жалпыға бірдей міндетті оқуды енгізуге байланысты және белгілі оқу жоспары, программа, сабақ кестесі негізінде ғылымды жүйелеп үйрену жүйесіне көшуге байланысты, халық ағарту жүйесін қайта құрудың қорытындыларын шығара келіп, бастауыш және орта мектептерде оқу жұмысының едәуір жақсарғанын көрсетті.

Орталық Комитет бұл кемшіліктерді жоюды көздеп бірсыпыра шаралар белгіледі. Мұның ішінде негізгі шаралар мынадай болды:

1) Мектеп программаларын қайта жасау, олардың оқу материалдарын тықпалап, шектен тыс ауырлатуды жою, ғылымдарды баяндаудағы қате тұрғыдан, тар шеңберлі тұрпайылық тұрғысынан баяндауды жою, тарихи тұрғыдан қараудың жеткіліксіздігін жою және социалистік құрылыс материалын кеңінен пайдалану;

2) балаларға ұғымды материалдың мұқият іріктелуін қамтамасыз ету;

3) математика мен физика курстарын қайта құру;

4) шетел тілдерінің біреуін міндетті түрде оқытып, мектеп бітіруші әрбір адамға бұл тілді мектеп үйретіп шығаратын ету;

5) оқу программаларына СССР халықтарының ұлттық мәдениеттеріне, олардың әдебиетіне, көркемөнеріне, тарихи дамуына қатысы бар маңызды білімдерді, сондай-ақ СССР-дің өлке тану деректерін енгізу...» [10].

Оқу жылының ұзақтығын дұрыс белгілеу – мектеп жұмысын жақсартудың шешуші шарттарының бірі. Бірақ қалпына келтіру дәуірінде Қазақстанның мектептерінде оқу жылының қысқы, көктемгі және жазғы каникулдардың

басталуының, аяқталуының дәл календарьлық мерзімдері болмады, ал Қазақ АССР Халық ағарту Комиссариаты мұндай мерзімдерді белгілемеді. Жер-жерде мұндай мерзімдер губерниялық, уездік халық ағарту бөлімдерінің ұйғаруынша, жергілікті жағдайларға сәйкес белгіленіп жүрді.

Оқу жоспарлары мен қазақ мектептеріне арналған программалар 1924 жылдан бастап Қазақстан ғалымдарының I-съезінде талқыланғанына көз жүгіртіп қарасақ, мұның өзі тек бастауыш мектеп туралы әңгіме екенін аңғарамыз. Бұл мәселе тіпті 1925 жылға дейін шешімін таппағанын архив деректемесінен байқаймыз.

1925-1926 оқу жылдарында тұңғыш рет I басқыш мектептер мен жеті жылдық мектептің тұрақты оқу жоспары ұсынылады. Оны төмендегі сызбадан аңғару қиын емес. Жеті жылдық тұңғыш қазақ мектептерінде «Қазақстан тарихы» дербес пән ретінде өтілмеген, ал 1922-1923 жылдары дербес пән ретінде оқылады деген дерек берілгенін жоғарыдағы мәліметтерден көруге болады. Мұнымен бірге қазақ мектептеріне қамқорлық жасау, көмек көрсету секілді игі бастамалардың орнына, олардың үн-жұрғасын, еңсесін түсіретін Халық ағарту Комиссариатының инспекторлары ұдайы оқу пәндерінің оқылуы мен интеллектуалды әлеуетіне көңіл бөлмей, әдістері мен саяси ұстанымын бақылайтыны әскери сақшылардан да асып түскен тұстарын төмендегі үзіндіден бернелейміз.

1925-1926 оқу жылының басында ғана Халық ағарту Комиссариаты I басқыш мектептер мен жеті жылдық мектептерге, онда да бағыттаушы жоспар ретінде, қазақтың өлкелік үлгі-тәжірибе мектебі үшін жасалған мынандай оқу жоспарын ұсынды [11].

Пәндер	Бір аптадағы оқу сағаттарының саны группаларға бөлгенде						
	I	II	III	IV	V	VI	VII
Қазақ тілі	12	8	8	8	6	6	6
Орыс тілі	-	6	6	6	6	6	6
Математика	9	7	7	7	6	6	6
Дүние тану	-	-	3	3	-	-	-
Қоғам тану	-	-	-	2	2	2	3
Табиғат тану	-	-	-	-	3	4	3
География	-	-	-	-	2	3	3
Физика	-	-	-	-	-	3	3
Физкультура	2	2	2	2	2	2	2
Ән	1	1	1	1	1	1	1
Сурет салу	-	-	-	-	2	2	2
Гигиена	-	-	-	-	-	1	1

Қазақ АССР Халық ағарту Комиссариаты мен оның программа-методика аппараты баспасөз, курстар, мұғалімдердің конференциялары, тіректі мектептер арқылы комплексті жүйені күшті насихаттады. Бірақ оған қарамастан, комплексті программалар қазақ мектептерінде ойдағыдай қолданылмады. Халық ағарту Комиссариатының бір инспекторы мұғалімдердің оқу пәндері мен дағдыларға баса күш салып, оларды «өмірлік» міндеттермен, яғни комплекспен тек жүрдім-бардым байланыстыратынын хабарлады [12]. 1927/28 оқу жылында Жетісу губерниясындағы халық ағарту жайын зерттеген екінші бір инспектор: «Сабақ ескі пәндік жүйемен өткізіледі, оқытудың комплексті жүйесі ауылда жоқ, комплексті оқытудың мәнісін мұғалімнің өзі де әлі жақсы түсінбеген» деп көрсетті [13]. 1928 жылғы декабрьде Ақтөбе губерниясының мектептерін зерттеген үшінші бір инспектор ауыл мұғалімдерінің программаны алғанын («Жаңа мектеп» журналының екі номерінде басылған), бірақ еш жерде оны қолданбағанын көрсетті. Оның қолданылмауының себебі ауыл мұғалімдері (өздерінің

айтуынша) «Оның мәнісін жете түсінбеген және тіпті қалыптастырылған жоспарлы кезеңдерін түсініп, ретке келтіру туралы тиісті практикалық нұсқау алмаған».

Қазақ тілінің жеткілікті талданған ғылыми-практикалық грамматикасының болмауы да оқулықтардың жеке қағидаларын әдеби тілмен ғылыми дұрыс тұрғыда беруге көп қиындық келтірді.

Бұл маңызды проблемалар төңірегінде – жаңа әліппе, ғылыми терминология және грамматика жасау проблемалары төңірегінде – күшті идеологиялық күрес басталды.

Жоғарыдағы мәліметті парасаттасақ, қазақ тілінің өзін құруда орыстілді инспекторлардың сараптамасынан өтуге мәжбүр болғандықты байқаймыз. Олай болса, қазақ тілін құрастырушы авторлардың орыс тілінде сөйлесуі қазақ тіліндегі сөйлеу іскерлігінен басым болуын қажет еткендіктен, ол нәрседен көріну авторларға адам айтқысыз қиындық туғызады.

Қазақ тілінің көсегесін көгерту үшін күрес емес, оған идеологияны телу мақсатындағы күрес екені бүгінгі таңда белгілі болды.

Көріп отырғанымыздай, «Қазақстан тарихы» бұл жылдары да жеке пән ретінде оқылмаған. Қазақ мектептерінің жағдайы өте кіріптар деректемелерден байқалып тұр.

ӘДЕБИЕТ

1. Директивы ВКП (б) и постановления Советского правительства о народном образовании за 1917-1947 гг., вып. I, АПН РСФСР, М., 1947 г., С. 175.

2. Қазақ ССР Октябрь революциясының Орталық мемлекеттік архиві, 81 фонд, 1 тізім, 41 буда, 567 іс, 78 табак

3. Сонда, 139 фонд, 704 с. б., 182-183 табак, 1923.

4. Н.А.Константинов, Е.Н.Медынский. Очерки по истории советской школы РСФСР за 30 лет, 1948, С. 64.

5. Қазақ ССР Октябрь революциясының Орталық мемлекеттік архиві, 81 фонд, 1 тізім, 39 буда, 536 іс, 1-4 табак.

6. Сонда, 81 фонд, 1 тізім, 39 буда, 536 іс, 1-4 табак.

7. Сонда, 81 фонд, 1 тізім, 39 буда, 536 іс, 4-5 табак.

8. Республиканың халық ағарту қызметкерлеріне бірінші методикалық хат. Мемлекеттік ғылыми советтің программалары, Қаз. мем. баспасы, Орынбор, 1924 ж., 1 б.

9. Қазақ ССР Октябрь революциясының Орталық мемлекеттік архиві, 81 фонд, 1 тізім, 81 буда, 1017 іс, 1925.

10. Директивы ВКП (б) и постановления Советского правительства о народном образовании за 1917-1947 гг., вып. I, АПН РСФСР, М., 1947 г., С. 196.

11. Қазақ ССР Октябрь революциясының Орталық мемлекеттік архиві, 81 фонд, 1 тізім, 84 буда, 1051 іс, 199 табак

12. Семейдің губерниялық халық ағарту бөлімінің 1926 жылғы педагогика курстарының материалдары.

13. Қазақ ССР Октябрь революциясының Орталық мемлекеттік архиві, 81 фонд, 1 тізім, 102 буда, 1307 іс, 150-160 табак.

Резюме

В статье дается характеристика обучению предмету «История Казахстана» в высших учебных заведениях Республики Казахстан.

Resume

In the article is given the characteristics of teaching the subject "The History of Kazakhstan" in the high educational institutions in the Republic of Kazakhstan

НАШИ АВТОРЫ

Абишева Сауле Ивановна - к.п.н., Павлодарский государственный университет им. С.Торайгырова.

Абыкенова Дария Болатовна - ст. преподаватель кафедры информатики, магистр информатики, Павлодарский государственный педагогический институт.

Ахетова К.А. - г. Алматы.

Бижан Жумасейт Козгабайулы – лауреат премии Союза журналистов Казахстана, Отличник телевидения и радио СССР, Павлодарский государственный университет им.С.Торайгырова.

Богачева Л.П. - Карагандинский университет им. Е.А. Букетова, г. Караганда.

Джарасова Гульжан Сагидуллаевна - Павлодарский государственный университет им. С.Торайгырова.

Есимова Динара Даутовна - соискатель, Павлодарский государственный университет им.С.Торайгырова.

Желкибаева Б.А. - к.п.н., Карагандинский государственный университет им. Е.А. Букетова, г. Караганда.

Жуматаева Енгилика Осербаяна - д.п.н., профессор, Павлодарский государственный университет им.С.Торайгырова.

Жаркумбаева Майра Мурзабековна - Павлодарский государственный университет им.С.Торайгырова.

Иванова Л.А. - к.п.н., доцент, Иркутский государственный лингвистический университет, г. Иркутск, Россия.

Ишанов Пирмагамбет Зулъхарович - к.п.н., доцент кафедры педагогики, Карагандинский государственный университет им. Е.А. Букетова, г. Караганда.

Карманова Ж.А. - к.ф.н., Карагандинский государственный университет им. Е.А. Букетова, г. Караганда

Касенова С.Ш. - ст. преподаватель, Кокшетауский университет, г. Кокшетау.

Кененбаева Маржан Ахметкаримовна - к.п.н., Павлодарский государственный педагогический институт.

Коккоз Махаббат Мейрамқызы – к.п.н., доцент кафедры автоматизированных систем, Карагандинский государственный технический университет, г. Караганда.

Косынтаев Б. - соискатель, Павлодарский государственный университет им. С.Торайгырова.

Криворучко Василий Андреевич - к.п.н., доцент, профессор кафедры информатики и информационных систем, Павлодарский государственный университет им. С. Торайгырова.

Куватов Аскар Жолдасбекулы - ст. преподаватель кафедры физической культуры и спорта, Павлодарский государственный университет им. С. Торайгырова.

Кузьмина Ирина Николаевна - соискатель, магистр информатики, учитель информатики и математики, многопрофильная школа-гимназия №15 им. М. Жумабаева, г.Туркестан.

Махадил З.Ш. - Павлодарский областной институт повышения квалификации, методист казахского языка и литературы в школах с русским языком обучения, г. Павлодар.

Минжанов Нурлан Адильбекович – д.п.н., профессор, начальник кафедры управления и психологии, Карагандинский юридический институт МВД РК им.Б. Бейсенова, г. Караганда.

Мустафина Гульжаухар Мухаметжаровна – ст. преподаватель кафедры радиотехники и телекоммуникаций, Павлодарский государственный университет им. С. Торайгырова.

Мухамедиева Кымбатша Мауленовна - ст. преподаватель, магистр информатики, Павлодарский государственный педагогический институт.

Мучкин Дмитрий Павлович - ст. преподаватель кафедры общей педагогики, Павлодарский государственный педагогический институт.

Найманова Асемгуль Бахтияровна – ст. преподаватель кафедры математики, Павлодарский государственный педагогический институт.

Нурмагамбетова Б.А. - к.п.н., Павлодарский государственный педагогический институт.

Огольцова Елена Геннадиевна - преподаватель кафедры истории Казахстана, Карагандинский государственный технический университет, г.Караганда.

Оспанова Назира Нургазиевна - ст. преподаватель кафедры информатики и информационных систем, Павлодарский государственный университет им. С.Торайгырова.

Павелко Г.А. - ст. преподаватель кафедры информатики и компьютерных технологий, Костанайский государственный педагогический институт, г. Костанай.

Рахметуллаев Алдаберген Балгабаевич - адъюнкт отдела адъюнктуры Карагандинского юридического института МВД РК им.Б. Бейсенова, г. Караганда.

Саканов Куандык Темирович - к.т.н., Павлодарский государственный университет им. С.Торайгырова.

Салимбаева А.О. - Таразский государственный университет, г. Тараз.

Сарсенбаева Алмагуль - магистрант, кафедра психологии, инспектор отдела кадров, Павлодарский Инновационный Евразийский университет, г. Павлодар.

Токтарбаев Дархан Габдыл-Саматович - преподаватель кафедры физической культуры и спорта, Павлодарский государственный университет им. С.Торайгырова.

Туяков Есенкельды Алыбаевич - заведующий кафедрой математики, к.п.н., Павлодарский государственный педагогический институт

Цай Е.Н. - Карагандинский государственный университет им. Е.А. Букетова, г. Караганда

Шокпаров Алибек Жумабекович - декан факультета повышения и квалификации, Павлодарский государственный университет им. С. Торайгырова.

ПРАВИЛА ДЛЯ АВТОРОВ

(“Вестник ПГУ”, “Наука и техника Казахстана”,
“Өлкетану-Краеведение”)

1. В журналы принимаются рукописи статей по всем научным направлениям в 1 экземпляре, набранных на компьютере, напечатанных на одной стороне листа с полуторным межстрочным интервалом, с полями 3 см со всех сторон листа и дискета со всеми материалами в текстовом редакторе “Word 7,0 (’97, 2000) для Windows”.

2. Общий объем рукописи, включая аннотацию, литературу, таблицы и рисунки, не должен превышать **8-10 страниц**.

3. Статья должна сопровождаться рецензией доктора или кандидата наук для авторов, не имеющих ученой степени.

4. Статьи должны быть оформлены в строгом соответствии со следующими правилами: - УДК по таблицам универсальной десятичной классификации;

- название статьи: кегль -14 пунктов, гарнитура - **Times New Roman Cyr** (для русского, английского и немецкого языков), **KZ Times New Roman** (для казахского языка), заглавные, жирные, абзац центрованный;

- инициалы и фамилия(-и) автора(-ов), полное название учреждения: кегль - 12 пунктов, гарнитура - Arial (для русского, английского и немецкого языков), KZ Arial (для казахского языка), абзац центрованный;

- аннотация на казахском, русском и английском языках: кегль - 10 пунктов, гарнитура - Times New Roman (для русского, английского и немецкого языков), KZ Times New Roman (для казахского языка), курсив, отступ слева-справа - 1 см, одинарный межстрочный интервал;

- текст статьи: кегль - 12 пунктов, гарнитура - Times New Roman (для русского, английского и немецкого языков), KZ Times New Roman (для казахского языка), полуторный межстрочный интервал;

- список использованной литературы (ссылки и примечания в рукописи обозначаются сквозной нумерацией и заключаются в квадратные скобки). Список литературы должен быть оформлен в соответствии с ГОСТ 7.1-84.- **например:**

ЛИТЕРАТУРА

1. Автор. Название статьи // Название журнала. Год издания. Том (например, Т.26.) номер (например, № 3.) страница (например С. 34. или С. 15-24.)

2. Андреева С.А. Название книги. Место издания (например, М.:) Издательство (например, Наука,) год издания. Общее число страниц в книге (например, 239 с.) или конкретная страница (например, С. 67.)

На отдельной странице (в бумажном и электронном варианте) приводятся сведения об авторе: - Ф.И.О. полностью, ученая степень и ученое звание, место работы (для публикации в разделе “Наши авторы”);

- полные почтовые адреса, номера служебного и домашнего телефонов, E-mail (для связи редакции с авторами, не публикуются);
- название статьи и фамилия (-и) автора(-ов) на казахском, русском и английском языках (для “Содержания”).

4. Иллюстрации. Перечень рисунков и подрисуночные надписи к ним представляют по тексту статьи. В электронной версии рисунки и иллюстрации представляются в формате TIF или JPG с разрешением не менее 300 dpi.

5. Математические формулы должны быть набраны как Microsoft Equation (каждая формула - один объект).

6. Автор просматривает и визирует гранки статьи и несет ответственность за содержание статьи.

7. Редакция не занимается литературной и стилистической обработкой статьи. Рукописи и дискеты не возвращаются. Статьи, оформленные с нарушением требований, к публикации не принимаются и возвращаются авторам.

8. Рукопись и дискету с материалами следует направлять по адресу:

637034, Республика Казахстан, г. Павлодар, ул. Ломова, 64,
Павлодарский государственный университет им. С. Торайгырова,
Издательство “Кереку”
Тел. (8 7182) 67-36-69, факс: (8 7182) 45-11-96.

E-mail: publish@psu.kz

Наши реквизиты:

РГКП “Павлодарский государственный университет им. С. Торайгырова” г. Павлодар, ул. Ломова, 64, РНН 451800030073

Р/с001609696 ОАО “Банк Туран Алем” г.Павлодар, БИК 193201311

Теруге 20.01.2009 ж. жіберілді. Басуға 17.02.2009 ж. қол қойылды.
Форматы 70x100 1/16. Кітап-журнал қағазы.
Көлемі шартты 11,93 б.т. Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.
Компьютерде беттеген Д.Ж. Сүлейменова
Корректорлар: Г.Т. Ежиханова, Б.В. Нұрғожина
Тапсырыс № 0982

Сдано в набор 20.01.2009 г. Подписано в печать 17.02.2009 г.
Формат 70x100 1/16. Бумага книжно-журнальная.
Объем 11,93 уч.-изд. л. Тираж 300 экз. Цена договорная.
Компьютерная верстка Д.Ж. Сулейменова
Корректоры: Г.Т. Ежиханова, Б.В. Нургожина
Заказ № 0982

«КЕРЕКУ» баспасы
С.Торайғыров атындағы
Павлодар мемлекеттік университеті
140008, Павлодар қ., Ломов к-сі, 64, 137 каб., тел. 67-36-69
E-mail: publish@psu.kz